



Көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 10 шілдедегі N 341 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 14 тамызда тіркелді. Тіркеу N 4341. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2013 жылғы 2 сәуірдегі N 217 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 02.04.2013 N 217 (алғаш жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енеді) бұйрығымен.

"Жол жүрісі қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 маусымдағы N 607 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі туралы ереженің 12-тармағын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау ережесі бекітілсін.

2. Астана, Алматы қалаларының, облыстардың Ішкі істер департаменттерінің бастықтары осы бұйрықты жол полициясы қызметкерлерінің зерделеуін және орындауын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Жол полициясы комитеті осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуден өткізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне жіберсін және мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Ішкі істер вице-министрі Қ.Б.Өскенбаевқа және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Жол полициясы комитетіне жүктелсін.

5. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и қ а с ы
І ш к і і с т е р м и н и с т р і н і ң
2 0 0 6 ж ы л ғ ы 1 0 ш і л д е д е г і
N 341 бұйрығымен бекітілген

**Көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау
ережелері**

Ескерту. Барлық мәтіндегі "білім беру ұйымдарында", "білім беру ұйымы", "білім беру ұйымдары", "білім беру ұйымының" сөздері сәйкес "оқу ұйымдарында", "оқу ұйымы", "оқу ұйымдары", "оқу ұйымының" сөздеріне ауыстырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2010.08.27 N 370 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер

1. Осы Көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау ережелері (бұдан әрі - Ережелер) "Жол жүрісі қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 маусымдағы N 607 қаулысына сәйкес әзірленді және көлік құралдарын жүргізушілерді даярлаудың тәртібі мен мерзімдерін айқындайды.

2. Ереже ұйымдастырушылық-құқықтық нысаны мен меншік (бұдан әрі - оқу ұйымы) түріне қарамастан, жүргізуші кадрлар даярлауды және қайта даярлауды жүзеге асыратын барлық жеке және заңды тұлғалар үшін орындауға міндетті болады.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2010.08.27 N 370 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

2. Көлік құралдарын жүргізушілерді даярлауды және қайта даярлауды ұйымдастыру

3. Көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау, сондай-ақ көлік құралының бір түрінен басқа түрін жүргізу құқығына қайта даярлау "А", "В", "С", "Д", "Е" санаттарындағы көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау бағдарламасына (1-қосымша) сәйкес жүзеге асырылады. Көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау және қайта даярлау мерзімі оқу бағдарламаларының көлеміне қарай екі айдан алты айға дейін бекітіледі.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2010.08.27 N 370 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

4. "А", "В", "С", "Д" және "Е" санаттарындағы көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау денсаулығы белгіленген медициналық көрсетімдерге сәйкес келетін адамдар қатарынан жүзеге асырылады.

5. Жүргізушілерді даярлау, сондай-ақ бір көлік түрінен басқа көлік құралының түрін жүргізу құқығына қайта даярлау күндізгі немесе кешкі оқыту

нысанында жүзеге асырылады. Оқыту бағдарламасын меңгерген адамдар оқу ұйымдарында толық оқыту курсы бойынша қорытынды аттестациядан өтеді және оқыту курсы бітіргені туралы куәлік (2-қосымша) алады.

3. Оқу процесін ұйымдастыру

6. Алынып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 2010.08.27 N 370 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

7. Білім беру процесін ұйымдастыру оқу ұйымы дербес әзірлейтін және бекітетін әрбір пән бойынша оқу жоспарымен және бағдарламаларымен, сондай-ақ көлік құралдарын жүргізушілерді даярлаудың кесте-жоспарымен, сабақ кестелерімен және жүргізуге үйрету кезегінің кестесімен регламенттеледі. Оқыту ұйымы оқушылардың аралық аттестациясын бағалау, оның нысаны, тәртібі және мерзімділігі жүйесін таңдауды дербес жүзеге асырады.

8. О қ ы т у ұ й ы м ы :

өз құзыретіне жатқызылған функциялардың орындалуына;
көлік құралын жүргізушілерді даярлаудың оқу жоспарына және жоспар-кестесіне сәйкес оқу бағдарламаларының толық көлемде жүзеге асырылуына ;

оқушыларды даярлаудың жоғары сапасына;
білім беру процесі кезінде оқушылар мен оқу ұйымы қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығына ;

оқушылар мен оқу ұйымы қызметкерлерінің құқықтары мен бостандықтарының бұзылуына жол берілмеуіне;
көлік құралдарының техникалық ақаусыз күйде ұсталуына және жүргізуге өндірістік үйрету шеберлерін рейс алдындағы медициналық тексерудің ұйымдастырылуына жауап береді.

9. Автомобильдердің техникалық жай-күйін тексеру және рейс алдындағы медициналық тексеруден өткізу жол парағында (3-қосымша) көрсетіледі, ол меншік нысанына қарамастан, оқыту процесінде пайдаланылатын барлық жаттығу көлік құралдарына күн сайын жазылады.

10. Оқу ұйымдарына Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасымен қарастырылған тәртіпте оқу процесінің бұзылуына ықпал ету шаралары қолданылады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 2010.08.27 N 370 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

11. Оқушыларды қабылдау оқуға түсуші арызының (5-қосымша) және білім беру қызметін көрсету туралы шарттың негізінде оқыту ұйымы бойынша бұйрық (4-қосымша) бойынша жүзеге асырылады.

12. Азаматтарды оқуға қабылдау мынадай құжаттарды ұсынғаннан кейін жүргізіледі:

1) "А", "В", "С" және "Д" санаттарындағы көлік құралдарын жүргізу құқығына жүргізушілер даярлау үшін:

оқуға түсушінің арызы;

тиісті көлік құралын жүргізуге жарамдылығы туралы медициналық анықтама;

3,5 x 4,5 өлшеміндегі фотосуреті;

жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

2) көлік құралын жүргізу құқығына жүргізушілерді қайта даярлау үшін, жоғарыда көрсетілген құжаттардан басқа - жүргізуші куәлігінің көшірмесі мен жүргізушінің жеке карточкасы;

3) "Е" санатындағы көлік құралын жүргізу құқығына жүргізушілерді қайта даярлау үшін жүргізушінің кемінде 12 ай жұмыс өтілін растайтын құжаты қажет;

4) "Д" санатындағы көлік құралдарын басқару құқығына жүргізушілерді даярлау үшін адам жиырма бір жасқа толу керек, кем дегенде үш жыл жүргізуші өтілі, оның ішінде "С" санатына жататын көлік құралдарын кем дегенде бір жыл басқару өтілі болу қажет.

Ескерту. 12-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2010.08.27 N 370 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.05.08 № 393 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрықтарымен.

13. Оқушыларды даярлап шығару оқыту ұйымының бұйрығымен (6-қосымша) ресімделеді.

14. Көлік құралын жүргізушілерді даярлау және қайта даярлау жөніндегі оқу топтарындағы адамдар саны 15-тен 30-ға дейін болады.

15. Оқу жоспарлары мен оқыту бағдарламаларының орындалуын бақылауды ұйымдастыру мақсатында сабақ басталғаннан кейін 10 күннен кешіктірмей оқыту ұйымы бекітілген нысандағы оқушылар тізімін (7-қосымша) ұсына отырып, әрбір оқу тобын жол полициясының тіркеу-емтихан бөлімшесінде тіркейді.

16. Біліктілік емтихандарын қабылдауды ретке келтіру және жүргізуші құқығын алуға үміткерлерді көлік құралдарын жүргізу құқығынан айырылған жүргізушілердің деректер базалары бойынша алдын ала тексеру мақсатында оқу ұйымдары оқу аяқталуға кемінде 30 күн бұрын жол полициясының тіркеу-емтихан бөлімшесіне әрбір оқу тобындағы оқушылар тізімін және оқу

аяқталатын күнді көрсете отырып, біліктілік емтихандарын қабылдау туралы тапсырыс жібереді.

17. Теориялық, практикалық-зертханалық, практикалық және бақылау сабақтары оқытудың негізгі нысандары болып табылады.

Әрбір пән бойынша теориялық сабақтар әдетте, күніне екі сағаттан, ал практикалық-зертханалық сабақтар 4-6 сағаттан аспайтындай етіп жоспарлануы керек. Бір күн ішінде автомобиль жүргізуді үйренушіге автотренажерда - бір сағаттан аспайтын, "Колоннада жүру" жаттығуын, сондай-ақ төрт сағат ішінде көзделетін жүк тасымалдаумен байланысты жаттығуларды қоспағанда, жаттығу автомобилінде екі сағаттан аспайтын уақыт үйретуге рұқсат етіледі.

18. Теориялық және практикалық-зертханалық оқу сабағының ұзақтығы - 45 минут, тапсырма беру, қорытынды жасау, құжаттама ресімдеу және оқушылар ауысымы уақытын қоса алғанда, автомобиль жүргізу жөніндегі практикалық сабақтардың ұзақтығы - 60 минут. 90 минут ішінде үзіліссіз практикалық-зертханалық сабақ жүргізуге жол беріледі. Оқу уақытының ұзақтығы жұмыс күндері 4 сағаттан, демалыс алдындағы және демалыс күндері - 6 сағаттан аспауға тиіс.

19. Теориялық сабақтарды оқытушы, ал автомобиль құрылғылары мен оған техникалық қызмет көрсету бойынша практикалық-зертханалық сабақтарды - өндірістік үйрету шеберімен бірлесіп оқытушы жүргізеді, автомобильді жүргізу бойынша практикалық сабақтарды көлік жүргізуге өндірістік үйрету шебері әрбір оқушымен жеке жүргізеді. Автомобиль құрылғылары мен оған техникалық қызмет көрсету және жол-көлік оқиғасында зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету бойынша практикалық-зертханалық сабақтар бір немесе бірнеше тақырып бойынша тиісті теориялық материалды зерделегеннен кейін бригадалық тәсілмен жүргізіледі.

20. Жаңа материалды зерделеу мақсатында теориялық сабақтар оқу тобының құрамымен арнайы жабдықталған кластарда (кабинеттерде) жүргізіледі

22. Теориялық білімді бекіту және үйренетін техникада жұмыс істеудегі оқушылардың іскерлігі мен дағдыларын қалыптастыру мақсатында практикалық-зертханалық сабақтар автомобиль құрылғылары мен оған техникалық қызмет көрсету зертханаларында өткізіледі.

Практикалық-зертханалық сабақтар жалпы, жеке немесе аралас әдіспен өткізіледі.

Жалпы әдіс бойынша оқу тобының барлық оқушылары бірмезгілде бірдей материалдық бөлікпен біркелкі жұмыстар істейді.

Жеке әдіс бойынша әрбір оқу тобы сол уақытта басқа оқу топтары орындап жатқан жұмыстан басқа немесе дәл сондай, бірақ материалдық бөліктің басқа үлгілерде жұмыс істейді.

Аралас әдіс жалпы және жеке әдістердің түрлі үйлесімдерінен тұрады.

Практикалық-зертханалық сабақтарды өткізу әдістерін таңдау сабақ мақсаттары бойынша айқындалады.

Практикалық жүргізу сабақтары әрбір оқушымен жеке автотренажерларда (болған жағдайда), автодромдарда (жүргізіп үйренуге арналған алаңдарда) және осы аумаққа қызмет көрсететін жол полициясымен келісілген (кемінде 3 жылда бір рет) жаттығу бағыттарында өткізіледі.

23. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 25 қарашадағы N 1650 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Жол қозғалысы ережелері бойынша сабақтар өткізуді автомобиль жүргізу жөніндегі тиісті жаттығуларды орындау басталғанға дейін жоспарлау керек.

24. Әрбір сабақты өткізу үшін оқу ұйымы басшысының жанында сабақ өткізу жоспары болуға тиіс, онда тақырыптың атауы, мақсаттары, оқу сұрақтары, оқу уақытының есебі, көрнекі-оқу құралдары мен оқытудың техникалық құралдарын пайдаланудың тәртібі, оқытушының (өндірістік үйрету шеберінің) және оқушылардың іс-әрекеттері көзделеді.

25. Көлік жүргізуге өндірістік үйрету шеберінің сабақ өткізу кезінде жүргізуші куәлігі, көлік құралын тіркеу туралы куәлігі, жол парағы, жүргізу кезегінің кестесі, жол полициясымен келісілген жаттығу бағыттарының сызбасы, оқушыны жүргізуге үйретуді есепке алу туралы жеке кітапшасы (8-қосымша) болуға тиіс.

26. Өткен материалды меңгеру сапасын бақылауды оқытушы (өндірістік үйрету шебері) сабақ өткізу барысында сабақты есепке алу журналына (автокөлік құралдарын жүргізуге үйретуді есепке алу туралы жеке кітапшаға) баға қойып, жүзеге асырады. Теориялық сабақтар кезінде кемінде 3-4 адамнан сабақ сұралуға тиіс, ал практикалық-зертханалық сабақтар барысында әрбір оқушыға баға қойылады.

27. Оқытушылар мен өндірістік үйрету шеберлерінің сабақ өткізу сапасын бақылауды сабақтарды есепке алу журналдарына жазбалар жасай отырып, оқу ұйымының басшылығы жүзеге асырады.

28. Оқу материалын меңгеру сапасын анықтау және оқушылардың білімін бағалау үшін қорытынды сабақтар өткізіледі. Қорытынды сабақтар нәтижелері бойынша әрбір оқушының және жалпы оқу тобының қорытынды аттестацияға дайындығы айқындалады. Барлық пәндер бойынша жақсы бағалар алған адамдар қорытынды аттестацияға жіберіледі.

29. "А" және (немесе) "В" санатындағы көлік құралдары жүргізушілерін даярлау бағдарламаларын өздігінен меңгерген адамдар оқыту ұйымдарында оқудың толық курсы бойынша қорытынды аттестациядан өтеді және оқыту курстарын бітіргені туралы куәлік алады. Оқыту курстарын бітіргені туралы

куәлік алған адамдар жол полициясында біліктілік емтихандарын тапсыруға жіберіледі.

30. Қорытынды аттестацияның мақсаты мен мазмұны оқушыларды даярлаудың мәні мен сапасының оқу бағдарламасы талаптарына сәйкестігін анықтау болып табылады.

31. Қорытынды аттестация:

автомобиль құрылғылары мен оған техникалық қызмет көрсету;
Жол қозғалысы ережелері, қозғалыс қауіпсіздігі мен жол-көлік оқиғасында зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету негіздері;
іс жүзінде автомобиль жүргізу бойынша ішкі емтихандар түрінде өткізіледі.

32. Қорытынды аттестация өткізу үшін оқыту ұйымы басшысының бұйрығымен комиссия төрағасын қоса алғанда, құрамында кемінде үш адам болатын емтихандық комиссия құрылады. Комиссия құрамына келісім бойынша өзге де оқыту ұйымдарының өкілдері мен жол полициясы қызметкерлері енгізіледі. Комиссия төрағасы болып жоғары кәсіптік білімі, автокөлік құралын жүргізуде 2 жыл практикалық жұмыс өтілі бар адам тағайындалады.

Ескерту. 32-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2010.08.27 N 370 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

33. Теориялық емтихандарды тапсыра алмаған оқушылар іс жүзінде көлік жүргізу емтиханын тапсыруға жіберілмейді.

34. Теориялық емтихан көлік құралын жүргізу құқығын алу үшін біліктілік емтиханын жүргізу сияқты өткізіледі, ал іс жүзінде автомобиль жүргізу емтиханы емтихан хаттамасы толтырылып және практикалық емтиханның бірінші сатысын өткізуге арналған сынақ жаттығуларының кешені жүргізіле отырып, Біліктілік емтихандарын өткізу әдістемесіне сәйкес жүргізіледі (9, 10, 11 -қосымшалар).

35. Дәйекті себептермен емтихан тапсыра алмаған адамдар оларды кезекті топтармен бірге тапсыруға, ал қанағаттанарлықсыз бағалар алған адамдар қосымша өзіндік дайындықтан кейін, бірақ емтихан өткізілген күннен бастап 5 күн өткен соң қайта емтихан тапсыруға жіберіледі.

36. Қорытынды аттестация нәтижелері хаттамамен (12-қосымша) ресімделеді, оған емтихандық комиссияның төрағасы, мүшелері, оқыту ұйымының басшысы қол қояды және мөрмен бекітіледі.

37. Аттестациядан өткен адамдарға белгіленген үлгідегі куәліктер беріледі.

38. Көлік құралдары жүргізушілерін даярлау және қайта даярлау бағдарламалары бойынша оқуды бітіргені туралы куәліктер осы көлік құралдарын жүргізуге құқық беретін құжат болып табылмайды, ол көлік құралдарының тиісті санаттарын жүргізу құқығына жүргізуші куәлігін алу үшін

біліктілік емтихандарын тапсыру кезінде жол полициясының тіркеу-емтихан бөлімшесіне ұсынылады.

39. Куәлік жоғалған жағдайда оқу ұйымы жеке арыз және емтихандық комиссияның хаттамасы негізінде "Дубликат" береді. Арыз берілген сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде.

Ескерту. 39-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2010.08.27 N 370 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

40. Оқуды бітіргені туралы куәліктер мен тыңдалған курс туралы анықтамалар қатаң есептегі құжаттар болып табылады, олардың сериясы және баспаханалық реттік нөмірі болады. Оқу бітіргені туралы куәліктің жарамдылық мерзімі жүргізуші куәлігін алған кезде аяқталады.

Ескерту. 40-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2010.08.27 N 370 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

41. Оқу ұйымдарының құжаттарының сақталуы және жойылуы «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасаудың және құжаттаманы басқарудың үлгілік ережелерін, Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың қызметінде жасалатын үлгілік құжаттардың тізбесін сақтау мерзімдерін көрсете отырып бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің міндетін атқарушының 2009 жылғы 25 қыркүйектегі № 128 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу реестрінде № 5834 тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 41-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 2010.08.27 N 370 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

4. Көлік құралдарын жүргізушілерді даярлауға және қайта даярлауға басшылық жасау

42. Көлік құралдарын жүргізушілерді даярлаудың және қайта даярлаудың ұйымдастырылуын бақылауды аумақтық жол полициясы бөлімшелері жүзеге асырады.

43. Жол полициясы қызмет көрсететін аумағында көлік құралдарын жүргізушілерді даярлайтын және қайта даярлауды жүзеге асыратын оқыту мекемелерін есепке алады, біліктілік емтихандарын өткізу барысында даярлау мен қайта даярлау сапасын анықтайды. Оқушылардың нашар теориялық немесе практикалық даярлығы анықталған жағдайда оқыту ұйымының басшылығына қажетті шаралар қабылдау үшін ескерту жолдайды. Егер оқыту ұйымы жол

полициясының ескертуіне ден қоймай, емтихандарға теориялық білімі төмен және практикалық жүргізу машығы нашар оқушыларды жіберуді жалғастырса (біліктілік емтихандарын тапсыру проценті бастапқыда біліктілік емтиханына жіберілген адамдардың жалпы санының кемінде 20%-ін құрайды), онда осы оқыту ұйымы бойынша оқу топтарын тіркеуді тоқтата тұру жолымен бұл ұйымның қызметі шектеліп, осы ұйым туралы мәліметтер міндетті түрде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

44. Оқыту ұйымына тікелей басшылық жасау басшыға (директорға, бастыққа) жүктеледі. Басшы оқыту ұйымының оқу жоспарлары мен бағдарламаларын орындауына, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруға, қаржы-шаруашылық қызметіне және еңбектің қорғалуына толық жауап береді.

5. Оқу-материалдық база

45. Оқу жоспарлары мен бағдарламаларын іске асыру, көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау және қайта даярлаудың жоғары сапасын қамтамасыз ету мақсатында оқыту ұйымында:

қазіргі заманғы оқу-зертханалық жабдықтармен, оқытудың техникалық құралдарымен, оқу және көрнекі құралдармен жарақталған оқу кластары (кабинеттері) мен зертханалары;
автодромы (жүргізіп үйренуге арналған алаңы);
жаттығу көлік құралдары болуға тиіс.

46. Әртүрлі санаттағы жүргізушілер даярлауды жүзеге асыратын оқыту ұйымының жанында:

әдістемелік кабинет;
көлік құралдарының құрылғылары класы;
көлік құралдарын пайдалану класы;
Жол қозғалысы ережелері класы;
қозғалыс қауіпсіздігі класы;
медициналық дайындық класы;
еңбекті қорғау класы;
көлік құралдарының құрылғылары жөніндегі зертхана;
көлік құралдарына техникалық қызмет көрсету жөніндегі зертхана;
автотренажерлар класы;
автодром (жүргізіп үйренуге арналған алаң);
жаттығу көлік құралдары болуға тиіс.

47. Оқу кластарының, зертханалардың құрамы, саны және мазмұны тиісті оқу жоспарлары мен бағдарламаларының талаптарына сәйкес айқындалады.

48. Аудиториялық қор жеткілікті болған жағдайда көлік құралдарының санаттары бойынша да, бағдарламалардың жекелеген бөлімдері бойынша да мамандандырылған құрылғылар кластары мен техникалық қызмет көрсету кластары ашылуы мүмкін. Аудиториялық қор жеткіліксіз болған жағдайда құрылғылар класы көлік құралдарын пайдалану класымен және еңбекті қорғау класымен біріктірілуі, ал Жол қозғалысы ережелері класы қозғалыс қауіпсіздігі және медициналық дайындық класымен біріктірілуі мүмкін.

49. "А" және "В" санаттарындағы көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау кезінде құрылғылар мен техникалық қызмет көрсету, Жол қозғалысы ережелері, қозғалыс қауіпсіздігі және медициналық дайындық кластарын біріктіруге жол беріледі.

50. Автомобиль құрылғылары және оған техникалық қызмет көрсету жөніндегі теориялық оқыту кластарын практикалық сабақтар зертханаларымен біріктіруге жол берілмейді.

51. Автотренажерлар болмаған жағдайда жүргізуге үйрету автомобильдерде ғана жүргізіледі.

52. Теориялық сабақ өткізуге арналған кластарда (кабинеттерде) оқытушының жұмыс орны (кафедра), класс тақтасы, бірмезгілде 30 адамға дейін отыра алатын үстелдер мен орындықтар және жекелеген бөлшектерді көрсетуге арналған шолу үстелі болуға тиіс.

53. Оқу жабдығының саны бағдарламалық материалды толық әрі сапалы меңгеруді қамтамасыз ететіндей болуға тиіс. Жабдықты, макеттерді, стендтер мен қалқандарды орналастыру техникалық эстетика талаптары сақтала отырып жүргізілуге және еңбектің қорғалуын қамтамасыз етуге тиіс. Орнатылатын оқу жабдығы толықтай жақсы көрінетін, пайдалану үшін ыңғайлы болуға және әзірлеуші зауыт белгілеген түспен боялуға тиіс.

54. Қалыпты жұмыс істеу үшін үй-жайдың желдету жүйесі әрбір оқушыны бір сағат ішінде 15-20 текше метр таза ауамен қамтамасыз етуі керек, күн сәулесі оқушылар отырған жағдайда сол жақтан түсуге тиіс. Жарық беру медициналық талаптарға сай болуы керек.

55. Зертханаларда пәндердің барлық тақырыптары мен бөлімдері бойынша жаттығулар пысықтауды қамтамасыз ететіндей жабдықталған оқу орындары болуға тиіс.

56. Әрбір оқу орны жұмыс үстелімен (верстакпен), оқу жабдығымен, құрал-сайман жинағымен, аспаптармен және құрылғылармен, оқу құжаттамасымен (тапсырманы орындау жоспарымен, еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықпен, технологиялық нұсқау картасымен, оқу жабдығы мен құрал-саймандар тізбесімен) жабдықталуға тиіс.

57. Оқу орындары мен жабдықтар пайдалы алаңды ұтымды әрі толық пайдалану, сондай-ақ техникалық эстетика талаптарын, еңбекті қорғау және өрт қауіпсіздігі ережелері ескеріле отырып орналастырылуға тиіс. Ірі агрегаттар мен тетіктер тұғырға бекітіледі. Қолданыстағы автомобильдер (автобустар) және қозғалтқыштар орналастырылған жағдайда зертхана (класс) газдарды сыртқа шығару үшін желдету жүйесімен және құбырмен жабдықталуы керек. Жанармай құю үй-жайдан тыс орналастырылған бактардан берілуге тиіс.

Оқу құжаттамасы жұмыс үстелінде орналасқан рамаларға салынады.

58. Жаттығу көлік құралдарында "Жаттығу көлік құралы" деген таным белгісі, оқушыға арналған қосымша артқы көрініс айнасы мен қосымша үдеткіш және тежегіш басқыштары болуға тиіс.

Көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау ережелеріне 1-қосымша

КӨЛК ҚҰРАЛДАРЫН ЖҮРГІЗУШІЛЕРДІ ДАЯРЛАУДЫҢ ҮЛГІЛК БАҒДАРЛАМАЛАР Түсіндірме жазба

Үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламалары Қазақстан Республикасының "Жол жүрісі қауіпсіздігі" Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 27 қарашадағы N 1650 қаулысымен бекітілген "Жол қозғалысының ережелері, көлік құралдарының іске қосылуы, қызметкерлердің міндеттері, жол қозғалысының қатысушылары және көлік құралдарының арнайы түспен, сигналмен жабдықталған арнайы және шұғыл қызметтердің тізімі туралы" ережелерге сәйкес әзірленді.

Үлгілік оқу жоспары - әрбір оқушының орындауын міндеттейтін құжат. Пәнді оқып білуге арнаған сағаттардың жалпы саны және емтихан мен сынаққа тапсыруға тиісті пәндер өзгертілмейді.

Жеке тақырыптық бағдарламаны оқып, білу реттілігі және тақырыпты оқып, білуге арналған сағаттар саны бағдарламаны толық орындаған жағдайда ғана өзгертіледі.

Сабақ өткізу үшін арнайы оқу кабинеттері жабдықталады.

"А" санатына - бір кешенді кабинет немесе дәрсіханалық қор жеткілікті болған жағдайда 2 арнайы кабинет: біреуі - құрылым және техникалық қызмет көрсету; екіншісі - жол қозғалысының Ережелері, транспорт құралын басқару негіздері және жол қозғалысының қауіпсіздігі, оқу кабинетіндегі жабдықтауға сәйкес алғашқы дәрігерлік көмек көрсетуді қамтиды.

Бұл бағдарлама мотоциклдердің кең тараған модельдерінің құрылысы мен техникалық қызмет көрсетуді, мотоциклдердің басқа түрлерін таныстырады.

Мотоциклдердің басқа да түрлерін жүргізуге үйретілетін топ дайындауда

мототранспорттық құрал оқылады.

"В" санаты үшін - 2 арнайы жабдықталған кабинет: біреуі жеңіл автокөлік құрылысы және техникалық қызмет көрсетілу жағынан, екіншісі- жол қозғалысы Ережелері, транспорт құралдарын басқару және қозғалыс қауіпсіздігі негіздері, оқу кабинеттерінің жабдықталуына қарай алғашқы дәрігерлік көмек көрсету негіздерін қамтиды.

Оқу орнында оқу алаңы жетіспеген жағдайда оқу құралдарымен жабдықталған бір кабинет болуы мүмкін.

Бағдарлама жеңіл автокөліктің бір маркасының құрылысын және басқа маркалық құрылымдық ерекшеліктерін оқып, білуді қарастырады.

"С" санаты үшін - 2 арнайы жабдықталған кабинет: біреуі автокөлік құрылысы және техникалық қызмет көрсету жағынан, екіншісі - жол қозғалысы Ережелері, транспорт құралдарын басқару және қозғалыс қауіпсіздігі негіздері, оқу кабинеттерінің жабдықталуына қарай алғашқы дәрігерлік көмек көрсету негіздерін қамтиды.

Бағдарлама жүк автокөлігінің 2 маркасының (дизельді және карбюраторлы) құрылысын оқып, білуді қарастырады.

"Д" санаты үшін - төмендегі оқу кабинеттері: құрылысы мен техникалық қызмет көрсету жағынан жол қозғалысы Ережелері, транспорт құралдарын басқару және қозғалыс қауіпсіздігі, жолаушылар тасымалдау барысында транспорт құралдарын пайдалану, алғашқы дәрігерлік көмек көрсету және құрылысы мен техникалық қызмет көрсету жағынан оқу кабинеттеріне сәйкес зертханалар болады.

Көлік құрылысының жұмысы, техникалық қызмет көрсету және пайдалану Павловск автозауыты, Львов автозауыты, Ликинск автозауыты,»"Икарус" автобусының базалық моделі негізінде жүргізіледі және оқу орнында анықталады.

"Е" санаты үшін - төмендегі оқу кабинеттері: құрылысы мен техникалық қызмет көрсету жағынан транспорт құралдарын басқару және оқу кабинеттерінің жабдықталуына сәйкес қозғалыс қауіпсіздігі негізі жағынан қамтылады.

Оқушының "В", "С", "Д" санатына байланысты жеңіл автокөлік тіркемесі, жартылай тіркемесі мен түрлі автобустар "Құрылым және техникалық қызмет көрсету" пәнінде оқылады. Осыған сәйкес оқытушылар пәннің бағдарламасына өзгертулер енгізеді.

Автокөлік жүргізу сабақтары автотренажерде (егер болса), оқу автодромы алаңында және жол полициясымен келісіліп жол маршруттарында өтеді.

Жүргізушілерді дайындау барысында оқу топтарында 30 адамға дейін болады.

Теориялық оқу сағатының ұзақтығы, зертханалық - практикалық сабақтың

ұзақтығы - 45 минут, жүргізуді үйретуге құжаттар дайындау, нәтижелерді талдау, оқушыларды алмастыруға кеткен уақытты қосып алғанда - 60 минут. Сабаққа қатысу, оқушылардың үлгірімі мен өткен тақырыптар есебін оқытушылар жүргізеді, ал көлік жүргізуге өндірістік үйретуші нұсқаушылар арнайы сабақ журналында жүргізеді.

Оқушылардың құрылым мен техникалық жабдық жөнінде оқып, білуі келесі кезекте болуы тиіс: атауы (жүйенің, механизмнің, аспаптың), қолданылуы, жұмыс істеу принципі, негізгі сипаттамалары, құрылымы, бақылау өлшемдері, кейбір ақалар.

"Д" санаты үшін: техникалық ақауларды дала жағдайында техникалық көмексіз жөндеу есебінен оқылады.

"А" санаты үшін техникалық қызмет көрсету және жеңіл-желпі жөндеулер мотоцикл жүргізу сабағында үйретіледі.

Жеңіл жөндеулер жасау жұмыстары жүргізу сабағының өндірістік шеберінің басшылығымен жүргізіледі.

Осы мақсат арқылы әрбір оқушы көлік жүргізу графигімен келісе отырып бақылау (сабақ басында) және күнделікті қызмет көрсетуге (сабақ аяғында) тиіс.

Пәнді оқып, білу материалдық бөлім, стенд, плакат, оқу диафильмдерінің үзінділерін көрсету арқылы жүргізіледі. Ал практикалық сабақтар оқу автокөлігінде жүргізіледі.

"Алғашқы дәрігерлік көмек" пәні бойынша сабақты орта білімі бар дәрігер немесе медициналық қызметкер өткізеді.

"Д" санаты үшін "Транспорт құрылысының пайдалануы және жолаушылар тасымалын ұйымдастыру" пәнінен сынақ қабылданады.

Көлік құралын жүргізу бойынша сабақ өту уақытынан тыс өндірістік шебер, яғни нұсқаушы көмегімен автотренажер және автокөлікте өткізіледі.

Мұнда шебер автотренажерде 4 адамға, ал автокөлікте 1 адамға үйретеді.

Практикалық сабақта шеберде көлік жүргізу куәлігі, жүргізу сабағын үйретуге арналған құжаттар, жүргізуді үйрету графигі, сабақты жүргізу жоспары, оқу маршрутының схемасы болуы тиіс.

Оқу орнындағы типтік бағдарламаға сәйкес арнайы жаттығулар әрбір оқушымен жеке жүргізіледі.

Жаттығуларды толық игеруге нақты жағдайлары болмаса (мысалы, елді мекенде теміржол қиылысы, бағдаршам болмаса) онда жаттығулар автодромда өткізіледі.

Оқушылардың сабақ үстінде орындаған жаттығуларының есебі арнайы жеке есеп карточкасында жүргізіледі.

Оқу сапасын тексеру мақсатында оқу жоспарында бақылау жұмыстарын өткізу қарастырылған.

Оқу алаңындағы алғашқы сабақ N 1 және N 2 тақырыптардан кейін өтеді. Сабақ барысында жаттығуларды меңгеру арқылы оқушының автокөлік жүргізуге дайындығы анықталады. Ал екінші сабақ N3 тақырыптан кейін өткізіледі.

Жаттығу сабағында автокөлікті бақылау және күнделікті қызмет көрсету қ а р а с т ы р ы л а д ы .

"А" санаты үшін автокөлік жүргізу сабағы қосымша қорабы жоқ мотоциклде, ал нақты үйретуде арнайы мототранспорт құралында жүргізіледі.

Мотоцикл жүргізуді үйрету бойынша жаттығулар қатаң әрі арнайы белгіленген және тиісті құрал-жабдықпен қамтылған алаңда орындалады. " Жолдарда жүргізу" тақырыбы арнайы жабдықпен қамтылған (транспорт құралдарының макеті, "стоп" сызығы, жол белгілері т.б.) оқу алаңында айналмалы маршрутпен өткізіледі. Сабақты үйрету барысында шебер оқушыдан жол қозғалысы Ережелерін қатаң сақтауды талап етуі тиіс.

"В" және "С" санатын меңгеру уақытын жеңіл және жүк көлігін жүргізуге бөлу оқу орнындағы әдістемелік комиссия арқылы анықталады.

"Д" санаты үшін тренажерде және автодромда қиын учаскелерде және қараңғы уақытта автобус жүргізуде жоғары сапаны қамтамасыз етуге тиіс. Тренажерде және автодромда оқушылар жол қозғалысы Ережелерін сақтауға, апаттық сәттерден шығуды меңгереді. Автобусты қауіпсіз жағдайда жүргізуді қайталау сабағы көшеде, нақты транспорт құралдары мен жаяу адамдар арасында ө т е д і .

Педагогикалық ұжымның негізгі міндеті ең алдымен шеберлер оқушыларға жол тәртібін дұрыс сақтамау үлкен қауіп төндіретіндігін, әсіресе жолаушылар тасымалында үлкен жауапкершілікті қажет ететінін түсіндіру болып табылады.

Практикалық сабақты оқушылар автобустың жалпы құрылысымен танысқаннан соң бастау керек, сондай-ақ оқушылар жол қозғалысы Ережелерін және басқару негіздерін үйренуге тиіс. Сондай-ақ теориялық сабақ практикалық сабақтың алдында өтеді. Ең алдымен бақылау және тексеру сапасын арттыру өте маңызды б о л ы п т а б ы л а д ы .

Күнделікті жүргізуді үйрену сабағының алғашқы сағатында автобустың жалпы құрылысын жүргізу алдында көру, ал соңғы сағатында күнделікті қызмет көрсету бойынша жұмыстар жүргізіледі. Көрсетілген жұмыстар шебердің бастап б е р у і а р қ ы л ы ж ү р е д і .

Бөлінген уақытта көлік құралдарын игере алмаған оқушылардың қосымша ақы төлеу арқылы сабақ өткізу уақытын создыруға мүмкіндіктері бар.

Бітіру емтихандары техникалық қызмет көрсету және көлік құрылымы жөнінде, жол қозғалысының Ережелері, автокөлік жүргізудің практикалық жа қ т а р ы н қ а м т и д ы .

Емтиханға типтік бағдарламада қарастырылған жүргізушілерді даярлау және

қайта даярлау курсынан толық өткен адамдар жіберіледі. Емтихандар типтік бағдарлама негізінде билеттер бойынша немесе компьютерлік кешенді тест арқылы өткізіледі. Тәжірибе жүзінде автокөлік жүргізу емтиханы екі кезеңнен тұрады: бірінші кезең автодромда немесе оқу-жаттығу алаңында; ал екінші кезең - көше жолдарында, бақылау жолдарында өтеді.

"А" санаты үшін іштей алынатын емтихан тәжірибе жүзінде оқу-жаттығу алаңында өткізіледі. Емтихандарды өткізу үшін сол оқу орнында қызмет ететін қызметкер және жол полициясының қызметкері болатын құрамында бір комиссия төрағасы және екі мүшесі бар емтихан комиссиясы құрылады. Іштей алынатын емтихандардың нәтижелері хаттамамен бекітіледі.

Емтихан тапсырған адамдарға оқу курсынан өтті деген куәлік беріледі. Бұл құжат арқылы жол полициясында жүргізуші куәлігі беріледі. Куәлік формасын ҚР Ішкі істер министрлігі бекіткен.

Біліктілік бойынша жүргізу куәлігін ішкі істер органы атынан жол полициясы береді.

"А", "В", "С", "В,С", "Д", "Е" санатты біліктілік талаптары .

"А" санатты көлік құралының жүргізушісіне қойылатын талаптар:

- әр түрлі жолдарда және метеорологиялық жағдайларда мотоциклді жүргізе білу ;
- жол қозғалысы Ережелерін сақтау және жол-көлік оқиғаларын болдырмау;
- жолға шығар алдында мотоциклдің техникалық жағдайын тексеру және рейстен келген соң техникалық қызмет көрсетуден өту;
- жол үстінде болатын ақауларды қолда бар құрал-саймандар арқылы жөндеу;
- жол-көлік оқиғасы болған жағдайда өзіне және басқа адамдарға алғашқы дәрігерлік көмек көрсете білу, сондай-ақ оларды жеткізуде ережелерді қатаң сақтау.

"А" санатты көлік құралдарының жүргізушісі төмендегілерді білуге тиіс:

- жол қозғалысы Ережелерін, көлік құралдарын пайдалану негіздерін;
- негізгі механизмдерді, аспаптарды, мотоцикл детальдарының атауын, құрылысы, жұмыс істеу принциптерін;
- жол үстінде болатын ақаулардың болу себептерін және оларды жою ж о л д а р ы н ;
- жол қозғалысы қауіпсіздігіне ауа райының (жаңбыр, тұман, көк тайғақ және т . б .) ә с е р е т у і н ;
- жол-көлік оқиғасы болғанда алғашқы дәрігерлік көмек көрсетудің дұрыс

р е т т і л і г і н ;

- мотоциклдің техникалық жағдайын тексеруде еңбек қауіпсіздігі ережелерін;

- жол қозғалысы Ережелерін, мотоциклді пайдалану ережелерін және қоршаған ортаны ластағаны үшін әкімшілік, қылмыстық жауапкершілікті;

"В" санатты көлік құралының жүргізушісіне қойылатын талаптар:

- әр түрлі жолдарда және метеорологиялық жағдайларда жеңіл автокөлікті жүргізе білу ;

- жол қозғалысы Ережесін сақтау, жолдағы қиын жағдайда сабырлылық сақтау және жол-көлік оқиғасын болдырмау;

- жолға шығар алдында жеңіл автокөліктің техникалық жағдайын тексеру және күнделікті техникалық қызмет көрсету;

- жолда болатын кішігірім ақауларды жою;

- жол-көлік оқиғасы болған жағдайда өзіне-өзі және басқаларға алғашқы дәрігерлік көмек көрсете білу, сондай-ақ оларды жеткізуде ережелерді сақтау.

"В" санатты көлік құралдарының жүргізушісі төмендегілерді білуге тиіс:

- негізгі механизмдерді, аспаптарды, автокөліктің орналасуын, қызметін, құрылысын, жұмыс істеу принциптерін;

- жол қозғалысының Ережелерін, көлік құралы мен қозғалыс қауіпсіздігінің негізін ;

- жол үстінде болатын ақаулардың себептерін және көлік құралының пайдалануға жол берілмейтін ақаулар түрлерін;

- жол апаты болған жағдайда алғашқы дәрігерлік көмек көрсетудің дұрыс р е т т і л і г і н ;

- жолға шығар алдында күнделікті техникалық қызмет көрсету жұмыстарын;

- автокөліктің техникалық жағдайын тексеруде еңбек қауіпсіздігі ережелерін;

- жол қозғалысы Ережелерін, автокөлікті пайдалану Ережелерін және қоршаған ортаны ластағаны үшін әкімшілік, қылмыстық жауапкершілікті.

"С" санатты көлік құралының жүргізушісіне қойылатын талаптар:

- әр түрлі жолдарда және метеорологиялық жағдайда жүк автокөлігін жүргізе білу ;

- жол қозғалысы Ережелерін сақтау және жол апатын болдырмау;

- жолға шығар алдында автокөліктің техникалық жағдайын тексеру;

- жұмыс уақытында болатын ақауларды жою;

- жол апаты болған жағдайда өзіне-өзі және басқаларға алғашқы дәрігерлік көмек көрсете білу, сондай-ақ оларды жеткізуде ережелерді сақтау.

"С" санатты көлік құралының жүргізушісі төмендегілерді білуге тиіс:

- жүк автокөлігінің негізгі механизмдердің, аспаптардың жұмыс істеу принциптерін ;

- жол қозғалысы ережелерін, көлік құралымен жұмыс жасау негіздерін;
- жол үстінде болатын ақаулардың себептерін және оларды қолда бар құрал-саймандармен жоюды;

- жол қозғалысы қауіпсіздігіне ауа-райының (жаңбыр, тұман, көк тайғақ және т.б.) әсер етуін;

- жол апаты болған жағдайда алғашқы дәрігерлік көмек көрсетудің дұрыс реттілігін;

- автокөліктің техникалық жағдайын тексеруде еңбек қауіпсіздігі ережелерін;
- жол қозғалысы ережесіне және қоршаған ортаны ластағаны үшін жауапкершілікті.

"В, С" санатты көлік құралының жүргізушісіне қойылатын талаптар:

- әр түрлі жолдарда және метеорологиялық жағдайда жеңіл және жүк автокөліктерін жүргізе білу;

- жол қозғалысы Ережелерін, көлік құралдарымен жұмыс жасау;
- жолға шығар алдында автокөліктің техникалық жағдайын тексеру;
- жұмыс уақытында кішігірім ақауларды механизмді бұзусыз жою;
- жол апаты болған жағдайда өзіне-өзі және басқаларға алғашқы дәрігерлік көмек көрсете білу, сондай-ақ оларды жеткізуде ережелерді сақтау.

"В, С" категориялы көлік құралының жүргізушісі төмендегілерді білуге тиіс:

- жеңіл және жүк автокөлігінің негізгі механизмдерінің қызметін, құрылысын, жұмыс істеу принциптерін, орналасуын;

- жол қозғалысы Ережелерін, көлік құралымен жұмыс жасау негіздерін;
- жол үстінде болатын ақаулардың себептерін білу, оларды қолда бар құрал-саймандармен жоюды;

- жол қозғалысы қауіпсіздігіне ауа-райының (жаңбыр, тұман, көк тайғақ және т.б.) әсері және жол-көлік апаттарының алдын алуды;

- жол апаты болған жағдайда алғашқы дәрігерлік көмек көрсетудің дұрыс реттілігін;

- автокөліктің техникалық жағдайын тексеруде еңбек қауіпсіздігі ережелерін және бензин, электролит, майлар сияқты материалдармен жұмыс жасауды;

- жол қозғалысы Ережесін бұзғаны үшін және қоршаған ортаны ластағаны үшін жауапкершілікті.

"Д" санатты көлік құралының жүргізушісіне қойылатын талаптар:

- "Д" санатына жататын көлік құралдарымен жұмыс жасау;
- жол қозғалысы Ережелерін сақтау және жол-көлік апаттарын болдырмау;
- жолға шығар алдында автобустың техникалық жағдайын тексеру;
- жұмыс уақытында болатын механизмді бұзуды қажет ететін ақауларды жою

;

- техникалық көмексіз дала жағдайында қалпына келтіру жұмыстарын

ж ү р г і з у ;

- жол апаты болған жағдайда өзін-өзі және басқаларға алғашқы дәрігерлік көмек көрсете білу, сондай-ақ оларды жеткізуде ережелерді сақтау;
- кондуктор болмаған жағдайда радио арқылы тоқтайтын пункттерді, жолақы төлеу тәртібін және билеттерді алу тәртібін хабарлап отыру;
- тоқтайтын пункттерде абонемент кітапшаларының сатылымын және билет есебін жүргізу.

"Д" санатты көлік құралының жүргізушісі төмендегілерді білуге тиіс:

- "Д" санатына жататын көлік құралының механизмдерінің, аспаптарының қызметін, құрылысын, жұмыс істеу принциптерін, болатын ақау себептерін, белгілерін, қауіптілігін және жою жолдарын;
- техникалық қызмет көрсету жұмыстарының көлемін, қайталануын және ережелерін; техникалық қызмет көрсету жұмыстары мен дала жағдайындағы жөндеу жұмыстарын ұйымдастырудың ерекшеліктерін;
- жол қозғалысы Ережелерін, көлік құралдарын пайдалану негіздерін және қозғалыс қауіпсіздігін;
- қалааралық тасымалдауды ұйымдастырудың ерекшеліктерін, жүргізушілердің жұмыс кестесін;
- автобустарды пайдалану ережелерін және осы ережелерге бақылау жасауды;
- билет жүйесі және автокөліктің негізгі түсініктерін, тасымалдаудың диспетчерлік басқару негіздерін;
- қозғалысқа бақылау жасау және диспетчерлік байланыстың техникалық құралдарын;
- қозғалыс құрамының жұмысын, пайдалануды жақсарту жолдарын, тәжірибелі жүргізушілердің жұмыс істеу тәсілдерін;
- жұмыс жоспары мен есебінің негізгі ережелерін;
- радиобайланысты дұрыс пайдалану ережелерін;
- жол элементтері және олардың қозғалысқа деген қауіпсіздігін;
- қозғалыс теориясының негізгі түсініктерін;
- негізгі пайдалану материалдарының сақталуын, тасымалдау, қолдану, қасиеттері, оларды үнемдеуде шығын нормасын;
- автокөлік дөңгелегі мен аккумуляторлы батареяның қызмет көрсету ұзақтығын созу жолдарын;
- қозғалыс қауіпсіздігіне ауа-райының (жаңбыр, тұман, көктайғақ және т.б.) әсері және жол-көлік апаттарының алдын алуды;
- жол апаты болған жағдайда жолаушыларды жедел көшіру ережелерін;
- жол апаты болған жағдайда алғашқы дәрігерлік көмек көрсетудің дұрыс реттілігін;

- автобустың техникалық жағдайын тексеруде еңбек қауіпсіздігін сақтау е р е ж е л е р і н ;

- қоршаған ортаны қорғау және автобусты дұрыс пайдалану ережелерін;
- жолаушыларға қызмет көрсету мәдениетін, тәртібін, этикасын, еңбек пен демалыс тәртібін.

"Е" санатты көлік құралының жүргізушісіне қойылатын талаптар:

- "В", "С", "Д" санатына жататын көлік құралдарымен жұмыс істеу;
- жол қозғалысы Ережелерін сақтау және жол-көлік апаттарын болдырмау;
- 750 кг-нан жоғары салмақты тіркемелерді алып өту;
- жұмыс уақытында болатын ақауларды жою;
- жол апаты болған жағдайда өзіне-өзі және басқаларға алғашқы дәрігерлік көмек көрсете білу, сондай-ақ оларды жеткізуде ережелерді сақтау;
- техникалық көмексіз қалпына келтіру жұмыстарын орындау.

"Е" санатты көлік құралының жүргізушісі төмендегілерді білуге тиіс:

- автопойыздар мен сүйрету қабілеті бар автокөліктердің техникалық қызмет көрсету ережелерін және автокөлік құрылысы мен қызметін;
- жол қозғалысы Ережелерін, көлік құралдарын пайдалану негіздерін;
- автопойыздардың жөндеу аралық қызметін ұзарту жолдарын;
- негізгі материалдық заттардың қолданылуын, оларды үнемдеудің жолдарын, ш ы ғ ы н н о р м а л а р ы н ;

- автокөліктер мен автопоездар қозғалысы теориясының негіздерін;
- жол элементтері және олардың қозғалысқа қауіпсіздігін;
- қозғалатын құралды пайдаланудың жоғары өндірісін қамтамасыз ету ж о л д а р ы н ;

- автокөлік тарифтері туралы негізгі түсініктерді;
- қалааралық тасымалдауды ұйымдастырудың ерекшеліктерін, жүргізушілердің жұмыс кестесін;
- тасымалдаудың диспетчерлік басқару негіздерін, диспетчерлік байланыс және автокөлік қозғалысын бақылаудың көліктік құралдарын;
- жол апаты болған жағдайда алғашқы дәрігерлік көмек көрсетудің дұрыс р е т т і л і г і н ;

- көлік құралдарының техникалық жағдайын тексеруде қауіпсіздік ережелерін және бензин, электролит, майлармен дұрыс жұмыс жасауды;
- жол қауіпсіздігі Ережелерін бұзғаны, қоршаған ортаны ластағаны үшін ж а у а п к е р ш і л і к т і ;
- автопойыз жұмысының есебі мен жоспарлаудың негізгі ережелерін.

"А" САНАТТЫ КӨЛІК ҚҰРАЛЫНЫҢ ЖҮРГІЗУШІЛЕРІН ДАЙЫНДАУҒА АРНАЛҒАН ҮЛГІЛІК БАҒДАРЛАМА.

Үлгілік оқу жоспары

№№	Пәндер	Сағаттар саны		
		Барлығы	Оның ішінде	
			Теориялық	Практикалық
1	Құрылым және техникалық қызмет көрсету.	15	14	1
2	Жол қозғалысы ережелері.	90	62	28
3	Көлікті пайдалану негіздері.	34	34	
	Алғашқы дәрігерлік көмек көрсету.	24	8	16
	Барлығы:	163	118	45
	Кеңестер	4	4	
	Емтихандар			
1	"Құрылым және техникалық қызмет көрсету"	12	12	
2	"Жол қозғалысы Ережелері, көлік құралдарын негіздері және жол қозғалысы қауіпсіздігі"	12	12	
3	Мотоцикл жүргізу			
	Сынақ			
1	"Алғашқы дәрігерлік көмек көрсету"	1	1	
	Барлығы:	192	147	45
	Мотоцикл жүргізу **	16		

* Оқу орнында мотоциклді жүргізу жөнінен емтихан мотоцикл жүргізуге бөлінген сағаттар уақытында өткізіледі.

** Жүргізу оқу уақытынан тыс жүргізіледі.

"ҚҰРЫЛЫМ МЕН ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ" пәні бойынша тақырыптық жоспар мен үлгілік бағдарлама.

Тақырыптық жоспар

№N	Бөлімдер мен тақырыптар атауы	Сағаттар саны
1.	Мотокөліктік құралдардың жіктелуі және мотоциклдің жалпы құрылымы.	1
1-бөлім. Двигатель.		
2.	Двигательдің жалпы құрылысы және двигатель жұмысы.	1
3.	Жанар-жағар майлар. Механизмдер мен двигатель жүйесіне қызмет көрсету.	1
4		1
5		1
2-бөлім. Электр қондырғылары		
6	Тоқ көздері. Оталу жүйесі. Жарық беру және сигнализация қондырғылары.	
7	Электр қондырғыларының қызмет көрсетуі.	1
8		1
3-бөлім. Трансмиссия.		

9	Трансмиссияның құрылымы мен жұмысы. Трансмиссияның қызмет көрсетуі.	1
10		
4-бөлім. Басқару органдары, жүргізетін бөлім.		
11	Мотоцикл рамасының құрылымы, арбаша кузовының рамасы.	1
12	Жүргізу бөлімінің жұмысы және құрылымы.	1
13	Басқару органының жұмысы мен құрылымы.	1
14	Жүргізу бөліміне және басқару органына қызмет көрсету.	1
15	Мотоциклді қыста, жазда пайдалану ерекшеліктері.	1
	Барлығы:	15

* Тақырыпты талдау практикалық сабақта жүреді.

Бағдарлама

№ 1 Тақырып. Мотокөлік құралының жіктелуі және мотоциклдің жалпы құрылымы .

Мотокөлік құралының әр түрлілігі: мотоциклдер, мотороллерлер, мотокарттар .

Мотоциклдер жіктелуі: өте жеңіл, жеңіл, орташа, ауыр (жұмыс жасау көлемі бойынша); екі актілі және төрт актілі (жұмыс процесі бойынша). Мотоциклдің жалпы құрылымы.

1-Бөлім. ДВИГАТЕЛЬ.

№2 Тақырып. Двигательдің жұмысы және жалпы құрылымы.

Двигательдің жүйесі механизмінің жалпы құрылымы. Кришипті-шатунды механизм жұмысы, қызметі, құрылымы.

Газ бөлу механизмінің жұмысы, атқаратын қызметі және құрылымы. Бір цилиндрлі екі актілі двигательдің жұмыс істеу процесі және төрт актілі бір немесе екі цилиндрлі двигательдің жұмыс істеу процесі.

№3 Тақырып. Двигательдің салқындату және майлау жүйесі.

Двигательдің майлау жүйесінің атқаратын қызметі, құрылымы.

Двигательді салқындату жолдары. Двигательдің қатты қызып кету себептері, оның алдын-алу.

№4 Тақырып. Жанар-жағар майлар. Қоректендіру жүйесі.

Мотоцикл двигателі үшін бензиннің түрлері мен сапалық көрсеткіштері. Екі актілі мотоцикл двигателі үшін жанар майлар және оларды дайындау.

Жанармаймен қоректендіру жүйесінің атқаратын қызметі, жалпы құрылымы.

Қоректену жүйесінің қондырғылары.

Карбюратор жұмысы: орташа және толық ауырлықта двигательдің жұмыс жасауы. Карбюратордың ақаулары және оларды жою жолдары.

N5 Тақырып. Механизмдер мен двигатель жүйесіне қызмет көрсету.

Двигатель механизміне қызмет көрсету. Цилиндр картерін шаңнан тазалау.

Картер қақпағын қатайту, подсосағы ауа қалдығын шығару және май тамуды
т е к с е р у .

Төрт актілі двигательде клапан арасын қалпына келтіру, май деңгейін тексеру,
м а й д ы а у ы с т ы р у .

Жанармай беру жүйесіне қызмет көрсету. Карбюраторды тексеру, оны шаңнан тазарту.

2-Бөлім. ЭЛЕКТР ҚОНДЫРҒЫЛАРЫ.

N6.Тақырып. Тоқ көздері. Оталу жүйесі.

Аккумулятор батареясының атқаратын қызметі. Генератор мен
р е н е - р е т т е у ш і н і ң қ ы з м е т і .

Жалпы құрылымы және жұмысы. Оталу жүйесі. Батареядан оталудың принциптік схемасы. Батареяны оталдырудың қондырғылары, атқаратын қызметі және мотоциклде орналасуы. Генератордан оталу жүйесінің схемасы. Оталудың электрондық жүйесі. Оталудың ерте немесе кеш жүзеге асуы, олардың белгілері.

Оталу сәтінің двигатель қуатына жылу режиміне және детальдарының
т о з у ы н а ә с е р і . О т а л у д ы қ ұ р у .

Оталу жүйесі аспаптарының ақаулары және оларды жою жолдары.

N7 Тақырып. Жарық және сигнализация қондырғылары.

Фарларды, артқы фонарлардың, жарық және алыс-жақын жарықтың кнопкаларының, бұрылу белгісінің жұмысы, атқаратын қызметі, құрылымы. Дыбыс сигналы, оның құрылымы және жұмысы.

Жарық және сигнализация аспаптарының ақаулары және оларды жою жолдары.

N8 Тақырып. Электр қондырғыларының қызмет көрсетуі.

Аккумуляторлық батарея: мастик пен клемді ластанудан тазарту, электролиттің тығыздығы және оның деңгейін тексеру.

Генератор, генератордың қатаюын тексеру, коллектор щеткаларын, сымдар
б а й л а н ы с ы н т е к с е р у .

Айналымы тоқтың релесі. Ластанудан және шаңнан тазарту, реле-реттеушінің қатаюын тексеру.

Оталу жүйесі, оталу жүйесі қондырғыларының жағдайы мен қатаюын тексеру,
электрод свечаларын тексеру және тазарту.

Электронды тиристорлық коммутатор, шаң мен ылғалдан тазартуға коммутатордың "салмақпен" электрлік байланысын тексеру.

3-Бөлім. ТРАНСМИССИЯ.

№9 Тақырып. Трансмиссия құрылымы мен жұмысы.

Сцепление түрлері мен атқаратын қызметі. Сцеплениенің қондырғысы және жұмысы. Ауысу механизмі мен ауыстыру қорабының жұмысы, құрылымы және атқаратын қызметі.

Жіберу механизмінің жұмысы. Құрылымы және атқаратын қызметі. Кардонды және цепті ауыстырудың жұмысы, оның қондырғысы және атқаратын қызметі.

Трансмиссияның ақаулары және оларды жою жолдары.

№10 Тақырып. Трансмиссияға қызмет көрсету.

Сцеплениенің жұмысқа икемділігін тексеру. Механизмнің сөнуін тексеру. Сцепление қондырғыларына қарау.

Ауыстыру қорабының сырт пішінін тексеру. Ауыстыру механизмінің жұмысқа қабілеттілігін тексеру. Ауыстыру қорабындағы майды ауыстыру және толықтырып тұру.

Шынжырды ауыстыру, шынжырды ауыстыруды оқып, білу және шынжырдың, жұлдызшаның техникалық жағдайын анықтау. Шынжырды дұрыс тартуды қадағалау. Шынжырлық ауыстыруға қарау.

Кардонды ауыстыру. Кардонды ауыстыруды қадағалау және оның техникалық жағдайын анықтау. Крестовинаны майлау. Негізгі ауыстырудың жұмыс қабілеттілігі. Негізі ауыстыру қартерінде май деңгейін тексеру. Негізгі ауыстыру қартеріндегі май ауыстыру тәртібі.

4-Бөлім. НЕГІЗГІ ЖҮЙЕНІҢ ЖҮРГІЗУ БӨЛІМІ. БАЙЛАНЫСТЫРУ МҮШЕЛЕРІ.

№ 11 Тақырып. Мотоцикл рамасының құрылымы, жанындағы арбашаның рамасы мен кузовы және атқаратын қызметі.

№ 12 Тақырып. Жүргізу бөлімінің жұмысы мен құрылымы.

Артқы қатаюдың, алдыңғы вилканың, алдындағы және соңындағы тежеуіштердің жалпы құрылымы, жұмысы, атқаратын қызметі. Дөңгелектер мен баллондар.

№13 Тақырып. Басқару органының жұмысы және қондырғылары.

Байланыстыру органының жұмысы, жалпы қондырғылары, атқаратын қызметі. (Рульдік колонкалар, рульдік амортизатор, алдыңғы тежегіш,

декомпрессор, аяқ тежегіші). Жарық, сигнализация және бақылаудың кнопкалық түрлері.

№14 Тақырып. Негізгі жүйенің қызмет көрсетуі, жүргізу бөлімі және байланыстыру органы.

Негізгі жүйесі: мотоциклді, жанындағы тіркеменің рамасы мен кузовы.

Жүретін бөлімі, дөңгелектер мен баллондардың (ступица, дөңгелектегі қысым) техникалық жағдайын анықтау және көру. Мотоцикл мен жанындағы тіркеменің дөңгелектері арақашықтығын сақтау.

Басқару органдары, рульдік колонка мен рульдік амортизациялаудың техникалық жағдайын анықтау, депмферді қадағалау, алдыңғы және артқы тежеуіштердің байланыстыру органдарын тексеру. Алдыңғы және артқы тежеуіштерді қадағалау жұмыстарының орындалу барысы.

№15 Тақырып. Мотоциклді қыста, жазда пайдалану ерекшеліктері.

Төменгі температура жағдайында байланыстыру органдарының жұмысын дайындау. Аккумулятор батареясын қыста пайдалануға дайындау.

Дөңгелек қақпаларының тозу деңгейін анықтау және оларды алмастыру. Арнайы "браслет" атты шынжырды пайдалану.

Жанар-жағар май жүйесін жазда пайдалануға дайындау. Двигательді ластанудан және майлардан тазарту.

"ЖОЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ" пәнінің үлгілік тақырыптық жоспары мен бағдарламасы.

Тақырыптық жоспар.

№N	Бөлім және тақырып атаулары	Барлығы	Сағат саны	
Жүргізушінің жол белгілері болмай жолдың бетінің жабуын ажырата алмаған кездегі іс-әрекеттері (мысалы қараңғы уақыт, батпақ, қар және т.б.)

№7 Тақырып. Жаяу жүргіншілер өтетін жерден көлік құралының өтуі және темір жолды қиып өту.

Жаяу жүргіншілер өтетін жер және маршрутты көлік құралының аялдауы. Жаяу жүргіншілер өтетін жерге, маршрутты көлік құралы аялдасуына және "Балалар" деген белгісі көлік құралына жақындағандағы жүргізушінің міндеттері.

Темір жолды қиып өту. Темір жол қиылыстарының әр түрлілігі. Темір жол қиылысындағы заманға сай дабылдардың құрылымы мен жұмыс ерекшеліктері.

Көлік құралдарының қозғалу тәртібі. Темір жол қиылысынан өтер алдындағы көлік құралының тоқтау ережелері.

Темір жол қиылысында лажсыз тоқтаған жағдайдағы жүргізушінің міндеттері

Темір жол қиылысындағы тыйым салулар.

Арақашықтық темір жол бастығымен көлік қозғалысы келісілетін жағдайлар.

Жаяу жүргіншілердің жүретін жері, маршрутты көлік құралдарының аялдасуы және темір жол қиылысында Ережелерді бұзудың зардаптары.

6-7 тақырыптар бойынша практикалық сабақтар.

Кешенді есептер шығару. Техникалық құралдар, макеттер және стенділер пайдалану арқылы ЖКО-ны талдау.

Болжауды жаттықтыру. Темір жол қиылысында лажсыз тоқтағанда жүргізушінің іс-әрекетіне жаттықтыру.

Көлік құралының жүргізушісін жол қозғалысындағы нақты жағдайлармен таныстыру.

№8 Тақырып. Қозғалыстың ерекше жағдайлары.

Автомагистраль қозғалысы. Автомагистральдағы тыйым салулар. Автомагистральда және жол шетінде лажсыз тоқтағандағы жүргізушілердің міндеттері.

Маршрутты көлік құралдарының басымдығы. Жол айырығын қиып өту.

Маршрутты көлік құралдарының бөлу сызығы бар жолдағы қозғалыс тәртібі.

Сыртқы жарық қондырғыларын пайдалану ережелері.

Жүргізушінің көзі көрмей қалған жағдайдағы іс-әрекеттері. Тұманға қарсы фарлар, прожектор-фарлар, тұманға қарсы артқы фарларды пайдалану тәртібі.

Механикалық көлік құралын тіркеуге алу. Механикалық көлік құралын осал, қатты тізбекпен тіркеуге алудың тәртіптері.

Тіркеуге алуға тыйым салынатын жағдайлар. Тіркеуге алынған және тіркеуге алушы көлік құралдарында жолаушылар тасымалдау. Механикалық көлік

құралдарын тіркеуге алудағы тәртіптердің сақталмауынан болатын зардаптар.

Оқу-жаттығу қозғалысы. Оқу-жаттығу қозғалысына тыйым салынатын жағдайлар.

№9 Тақырып. Жолаушылар және жүк тасымалдау .

Жүк автокөлігінде жолаушыларды тасымалдауға қойылатын талаптар. Қозғалыс басындағы жүргізушінің міндеттері. Жолаушылар тасымалдаудағы қозғалыс жылдамдығы. Балалар тасымалдаудағы қосымша талаптар. Жолаушылар тасымалдауға тыйым салынатын жағдайлар.

Көлік құралында жүкті орналастыру және бекіту ережелері.

Алып өтетін жүктің белгіленуі.

Жолаушылар және жүк тасымалдаудағы ережелерді сақтамау зардаптары.

№10 Тақырып. Көлік құралдарының техникалық жағдайы және жабдықтары.

Жалпы талаптар. Көлік құралдарын пайдалануға тыйым салынатын жағдайлар .

Жолда болатын ақауларды жоюдағы жүргізушінің іс-шаралары. Егер мүмкіндік болмаса автотұраққа немесе жөндеу орнына жету кезіндегі қауіпсіздік шаралары .

Қозғалысты жалғастыруға тыйым салынатын ақаулар.

Жол қозғалысына қауіп төндіретін көлік құралдары ақауларының зардаптары.

№11 Тақырып. Нөмірлік, айырым белгілері, ескерту қондырғылары, жазулар мен таңбалар .

Көлік құралының жол полициясында тіркелуі және қайта тіркелуі.

Көлік құралының жабдықтарын нөмірлік және айырым белгілері, ескерту қондырғылары мен талаптары .

Айырым белгілері және ескерту қондырғыларын орнатудағы ережелерді сақтамаудың зардаптары.

2-Бөлім. ЖҮРГІЗУШІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ.

№12 Тақырып. Әкімшілік жауапкершілік.

Әкімшілік жауапкершілік түсінігі.

Әкімшілік құқық бұзушылық. Әкімшілік құқық бұзушылықтың түрлері.

Әкімшілік іс-шараларының түрлері мен түсініктері: ескерту, айып, көлік құралын басқару құқығынан айыру, әкімшілік жазалайтын орган, жазаның орындалу тәртібі.

№13 Тақырып. Қылмыстық жауапкершілік.

Қылмыстық жауапкершілік.

Автокөлік қылмысының түсінігі мен түрлері. Автокөлік қылмысының сипаттамасы .

Қ ы л м ы с к ұ р а м ы .

Жауапкершілікті жеңілдететін және ауырлататын жағдайлар.

А й ы п т ү р л е р і .

Автокөлікпен жасалынған қылмысқа деген жауапкершілік.
Қылмыстық жауапкершілікті қозғау шарттары.

№14 Тақырып. Азаматтық жауапкершілік.

Азаматтық жауапкершілік туралы түсінік. Азаматтық жауапкершілікке деген негіздер. Зиян, кінә, құқыққа қарсы іс-шаралар. Жол оқиғасындағы келтірілген зиян үшін жауапкершілік. Материалдық шығынның орнын толтыру.

Материалдық шығын жауапкершілігі жөнінде түсінік. Материалдық жауапкершіліктің шарттары мен түрлері, толық және шекті материалдық жауапкершілік.

№15 Тақырып. Табиғатты қорғаудың құқықтық негіздері.

Табиғатты қорғау түсінігі мен мазмұны. Табиғатты қорғау туралы заңдылық. Табиғатты қорғау жолдары, формалары, мақсаттары.

Құқықтық қорғауға алынатын табиғи объектілер.

Табиғатты қорғау заңын бұзғаны үшін жауапкершілік.

№16 Тақырып. Автокөлікті меншіктену құқығы.

Меншіктену құқығы, меншік құқығына ие субъектілер. Автокөлік құралын меншіктену құқығы.

Көлік құралының иесінен алынатын салық. Көлік құралына қажет құжаттар.

№17 Тақырып . Жүргізуші мен көлік құралын сақтандыру.

Сақтандыру тәртібі. Сақтандыру туралы келісім-шарт жасасудың тәртібі. Сақтандыратын оқиға. Сақтандыру сомасын төлеу тәртібі мен негіздері.

"КӨЛІК ҚҰРАЛЫН БАСҚАРУ НЕГІЗДЕРІ ЖӘНЕ ҚОЗҒАЛЫС

ҚАУІПСІЗДІГІ" пәні бойынша үлгілік тақырыптық

жоспар және бағдарлама.

Тақырыптық жоспар

№N	Тақырыптардың атауы	Сағат саны
1	Көлік құралын басқару техникасы.	8
2	Жол қозғалысы. Оның әсері және қауіпсіздігі.	6
3	Жүргізушінің кәсіби сенімділігі.	4
4	Жүргізушінің психофизикалық психикалық қасиеті.	6
5	Көлік құралдарын пайдалану көрсеткіштері.	4
6	Штатты және штатты емес қозғалыс тәртібінде жүргізушінің іс-әрекеттері.	16
7	Жол қозғалысы шарттары мен қауіпсіздігі.	8
8	Жол-көлік оқиғалары.	8
Барлығы:		60

Бағдарлама

N1 Тақырып. Көлік құралын басқару техникасы.

Рульге жүргізушіні отырғызу.

Ыңғайлы жұмыс қалпы. Ыңғайлы жұмыс қалпы үшін орындықтың реттеуіштері мен басқару органдарын пайдалану. Жұмыс қалпын пайдаланудағы қарапайым қателер. Басқару органдарының, аспаптар мен индикаторлардың атқаратын қызметі. Басқару органдармен жұмыс жасау. Рульді пайдалану т е х н и к а с ы .

Двигательді оталдыру. Двигательді орнында тұрып қыздыру. Қозғалыс басталғандағы қызу процесі. Бір қалыпты қозғалыс жылдамдығын сақтау. Қозғалыстың әр түрлі режимінде акселератор педалімен әсер етулер. Орнынан қозғалу. Д в и г а т е л ь д і т е ж е у .

Штатты жағдайларда асықпай тежелуді, штатты емес жағдайларда максималды тежелуді қамтамасыз ететін тежеуіш педалінің әсерлері. Двигатель жұмысының тиімді жылу режимін сақтау. Көлік құралының жүріп өткен жол көлемі және оған әсер ететін себептер.

Қиын өткелдерде және тайғақ учаскелерде қозғалу. Тайғақ жерде орнынан қозғалу. Сулы жерлерден, терең емес арықтардан, төмпешіктерден қараңғы у а қ ы т т а ж ү р і п ө т у .

А я л д а у ж ә н е т ұ р а қ т а у .

Қозғалыс жылдамдығы және арақашықтық. Бұрылуда, айналуда жылдамдықтың өзгеруі. Қалалық жердегі қозғалыста және автомагистральде ж ы л д а м д ы қ т а ң д а у .

Жай бірқалыпты қозғалыста басып озу және қарама-қарсы қозғалыс.

Темір жол қиылысынан өту.

N2 Тақырып. Жол қозғалысы, оның әсері мен қауіпсіздігі.

"Жүргізуші - автокөлік-жол" басқару жүйесінің түсінігі (ЖАЖ). ЖАЖ жүйесінің мақсаты мен міндеті. Көлік жүйесінде автокөліктің маңызы. Жол көлік процесінің әсері, қауіпсіздігі және экологиялық жағдайы. ЖКО-да көлік жүйесі жұмысының істен шығуы. Қазақстандағы және шетелдердегі жол қозғалысының қауіпсіздік, әсерлік, экологиялық санағы. Қауіпсіздікке әсер ететін факторлар: жүргізуші-автокөлік-жол. Жол қозғалыс қауіпсіздігіне әсер ететін жүргізушінің кәсібилігі. Жүргізушінің кәсібилік көрсеткіші болып саналатын еңбек өтілі. Көлік құралын басқарудың сапалық көрсеткішін анықтайтын сандық к ө р с е т к і ш т е р .

Жол қозғалысының қауіпсіздігі мен экологиялығын қамтамасыз ететін

м е м л е к е т т і к

ж ү й е л е р .

Қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ететін көлік құралына қойылатын талаптар.

№3 Тақырып. Жүргізушінің кәсіби сенімділігі.

Қажеттілік топтары. Еңбек ынталандыруы. Көлік құралын басқарудағы еңбектің мақсаты.

Көлік құралдарын басқару мақсатына жету үшін іс-әрекеттерінің психикалық бейнелеу жоспары.

Көлік құралдарын басқарудағы әрекеттер мен еңбек операциялары. Басқару мақсатына жету үшін шығарылатын есептер. Басқару процесін ұтымды ету. Көлік құралдарын басқарудағы ұтымдылық критерийлері. Жүргізуші қабылдайтын ақпаратты талдау. Іс-әрекет жоспарымен өзінің ағымдағы жағдайын салыстыру. Штаттық және штаттық емес жағдайлар. Жүргізуші сенімділігін жоғарылатуды қажет ететін техникалық шырғу.

Жүргізуші сенімділігін құраушылар: кәсіби біліктілік, моральдық қасиеттер. Жүргізушінің кәсіби біліктілігіне оның мамандығы, еңбек өтілі және жасының тигізетін әсері. Моральдық қасиеттер: тәртіптілік, жол қозғалысындағы басқа қатысушыларды құрметтеу, қызмет көрсету мәдениеті мен өзін-өзі ұстау этикасы. Физикалық психикалық қасиеттер, жасы мен денсаулығы және оның жүргізушіге әсері.

Алкоголь, нашакорлық, дәрілік заттардың жүргізуші жұмысына кері әсері: ойлану шапшаңдығының төмендеуі, назар аударудың төмендеуі, көру-есте сақтаудың нашарлауы, ұйқышыл болу.

№4 Тақырып. Жүргізушінің психофизиологиялық сапасы.

Көру-есте сақтау. Көлік құралы жылдамдығының арақашықтықты қабылдауы. Көңіл аудару бағыты. Көрмей қалу. Дыбыс дабылдарын қабылдау. Дыбыс дабылдарын шумен шатастыру.

Бұрылыста жылдамдық алу. Басқару органдарының орнынан өзгеруін және кедергісін қабылдау.

Ақпаратты өңдеу уақыты. Жүргізушінің психомоторлық реакциялары. Реакция уақыты. ЖКО-ның ауырлық дәрежесіне сәйкес реакция уақытының өзгеруі.

Ойлау. Жол-көліктік ситуацияның дамуын болжау.

Жүргізуші дайындығы: білімі, іскерлігі.

Көлік құралы жүргізушісіне басқару объектісі ретіндегі талаптар. Жүргізуші жұмысының әсері мен қауіпсіздігін басқару объектісі ретінде көлік құралының қасиеттеріне ұтымды ықпал ету. Қоғамдағы адамзаттың этика тәртібі компоненті

болып табылатын жүргізуші этикасы. Жол қозғалысының Ережесін бұзған басқа қатысушылармен және ішкі істер органдарымен қатынас. ЖКО қайғылы жағдайындағы жүргізуші этикасы.

N5 Тақырып. Көлік құралдарының пайдалану көрсеткіштері.

Көлік жұмысының әсерлі және қауіпсіз мүмкіндіктерінің көрсеткіштері: габариттік размерлер, салмақ өлшемдері, ауыр жүк көтергіштігі (сыйымдылығы), жылдамдық алу және тежеуіштік қасиеттер, ауып кетуге немесе тайып кетуге қарсы тұру, жанармай үнемділігі, көлік құралын әр түрлі жағдайларда пайдалану шарттары, сенімділік. Бұлардың қозғалыс қауіпсіздігіне, жол қозғалысы қауіпсіздігіне әсері. Көлік құралының қозғалысына әсер ететін күштер: тарту, тежеу, көлденең және тік күштердің қосылуы. Ауып кетуге қарсы тұру. Көлік құралының тұрақты қосалқы мүмкіндіктері.

Көлік құралын реттеу жүйелері: тарту, тежеуіш, көлденең реттеу жүйелері. Басқару сипаттамасы.

N6 Тақырып. Штаттық және штаттық емес қозғалыс тәртібіндегі жүргізушінің іс-әрекеттері.

Тіркеуге алуда, тайғақ жолдарда, жоғары және төмен түскенде, бұрылыстарда, қараңғы мезгілде және шектеулі көру жағдайында, көлік ағынында, бұрылыс және жолаушылар өтетін жерлерде, шексіз кеңістікте мотоциклді жүргізу.

Жұмыс тежеуішінің бас тарту кезеңінде, қозғалыстағы шинаның жарылуында, ауытқу кезеңінде жүргізушінің іс-қимылдары.

Көлік құрал-жабдықтарының өртенген, суға батқан кезеңінде, жоғары кернеудегі электросымдардың көлік құрал-жабдықтарға үзіліп түскенінде, найзағай түскен кезеңде жүргізушінің іс-қимылдары.

Қауіпсіздік - көліктің нәтижелі жұмысының шарты. Көлікті жүргізушінің көлікті басқару мақсатын орындауда: белгілі отын шығынында жоғарғы орта жылдамдыққа жету, белгілі орта жылдамдықта отынды ең жоғарғы дәрежеде үнемдеу, ең жоғарғы қамтамасыз ету.

Сапалы басқарудың көрсеткіштері: орташа жылдамдық, отын шығыны, бір қалыпты қозғалыстың коэффициенті, отын жұмсау көрсеткіші, тоқтатуды бір қалыпты қалыптастыру.

Үнемді басқару: жүргізудегі жылдамдықты реттеуде үнемділік алгоритмін пайдалану, отын шығындау өлшеміндегі ең төменгі қарқынды қозғалыста ең жоғарғы жылдамдықты шектеу, отын шығындау өлшеміндегі ең жоғарғы қарқынды қозғалыста - ағынның орта жылдамдыққа жақын қозғалуы (жүруі), асыру арқылы қозғалысты баяулатып, двигательді тоқтату.

Жылдамдықты басқару: жүргізудегі жылдамдықты реттеуде жылдамдылық алгоритмін пайдалану; еркін қозғалатын аймақта ең жоғарғы жылдамдықпен көлікті жүргізу, қарқынды тоқтату. Көлік құралдарының орта жылдамдығына

карқынды ағынның әсері. Көлік жол жағдайын алдын-ала болжау - негізгі жылдамдылықты басқарудың кепілі.

Жылдамдылықты басқаруда пайдаланатын алгоритмдердің көлік құралдарының қауіпсіздігіне, экологияға, ресурстарға әсерлері.

Көлік құралдарының оңтайлы алгоритмдерінің қозғалыс жылдамдықтарын реттеуге тахометр, спидометр, эконометр пайдаланылады.

№7 Тақырып. Жол қауіпсіздігі және жол жағдайлары.

Автокөлік жолдарының түрлері және жіктелуі. Жолдардың белсенді, белсенді емес және экологиялық қауіпсіздігінің негізгі бөлшектері.

Жолдың үстіңгі қабатының түрлері, олардың сипаттамалары. Жол жағдайларының қозғалыс қауіпсіздігіне әсерлері.

Ауыл шаруашылығындағы жолдар. Автожолдар. Таулы жолдардың ерекшелігі.

Жол жағдайларының автокөлік қозғалысына әсері. Шинаның жолмен беттесу коэффициенті туралы түсінік.

Жол жағдайына, ауа мен гидрометеорологиялық жағдайларға байланысты коэффициенттің өзгеруі. Тұманда, таулы жолдардағы көлік жүргізудің ерекшеліктері. Автокөлік жолдарының қауіпті учаскелері, жүру бөлігінің тарылуы, жолдың бетінің жаңадан салынуы, битум және гравий беті, ұзақ төменге түсу жолдары, көпірлі жолдар, теміржол бойындағы өткелдер және қауіпті учаскелер.

Көктемгі және күзгі кезеңдерде жолдарды пайдалану. Мұзды өткелдердегі көліктің жүруі.

Жолдардың жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатқан учаскелердегі көлік жүргізудің қауіпсіздігін алдын алу, бұл жағдайда қолданылатын қоршаулар, ескерту және жарық дабылдары.

№8 Тақырып. Жол-көлік оқиғалары.

Жол-көлік оқиғалары мен жол-көлік оқиғаларының жіктелуі. Қалалардағы, қала сыртындағы, ауылдық жерлердегі апаттар.

Жол оқиғаларының болу себептері: жолда жүру ережелерінің бұзылуы, көлік жүргізушілердің құқықтық ережелерді сақтамауы, көлік құралдарының техникалық жағдайлары ақуалының нормативке сай емес жағдайлары және де басқа жайлар.

Көлік жүргізушілеріне байланысты ЖКО себептері: төменгі біліктілік, шаршау, рутьде ұйықтап кету.

Жол көлік оқиғаларының пайда болу жағдайлары: жол және көлік құралдарының жағдайы, жол қозғалыстарын (жүру) реттейтін құрал-жабдықтардың бар болуы.

Жол-көлік оқиғасы статистикасы. Апаттардың мезгіл, аптаның күндері,

тәулік уақыты, жол категориясы, көлік жабдықтарының түрлеріне байланысты
б ө л і н у і .

Көлік жабдықтарының белсенді емес және экологиялық қауіпсіздігі.
Жол көлік қозғалысын мемлекеттік бақылау.

**"АЛҒАШҚЫ ДӘРІГЕРЛІК КӨМЕК КӨРСЕТУ" пәні бойынша
үлгілік тақырыптық жоспар.**

Тақырыптық жоспар

№N	Тақырыптардың атауы	Сағат саны		
		Барлығы	Теориялық сабақтар	Практика. сабақтар
1	Адам анатомиясы және физиологиясы.	1	1	-
2	Көлік жол жарақатының құрылымы. Жол көлік оқиғасында жиі кездесетін зиян шеккендер және оларды диагностикалау.	1	1	-
3	Адам өміріне қауіп төндіретін механикалық және термиялық зардаптар.	2	2	-
4	Апаттан болған психикалық реакциялар. Осы жағдайларда зардап шеккендерге көмек.	1	1	
5	Термиялық зардаптар.	1	1	
6	ЖКО апаттарындағы көрсетілетін құқықтық-ұйымдастыру көмектері.	1	1	
7	Адам өміріне қауіп төндіретін терапиялық жағдайлар.	1	1	
8	ЖКО-да зардап шеккендерге алғашқы дәрігерлік көмек.	3		3
9	Сыртқы қансырауды тоқтату.	3	-	3
10	Көлік иммобилизациясы.	3	-	3
11	Зардап шеккендерді сыртқа шығару, оларды көлікке орналастыру және тасымалдау.	2		2
12	Жарақатты тазарту, дәрілеу, десмургия.	3	-	3
13	Жеке аптечканы пайдалану.	2	-	2
	Барлығы:	24	8	16

Бағдарлама

N1 Тақырып. Адам анатомиясы және физиологиясы негіздері.

Ағза жүйелері мен олардың қызмет жасауы туралы негізгі түсініктер:
жүрек-қан тамыр жүйесі, тірек-қозғалу жүйесі. Тамыр соғу жиілігі, жиі демалуы,
қарашық қасиеттері, естен тану, терінің түстері, оның ең алғашқы белгілері.

N2 Тақырып. ЖКО құрылымы. ЖКО-да жиі кездесетін зардаптар және оларды диагностикалау.

ЖКО зардап шегуді болдырмайтын көлік жабдықтарының сипаттамалары. ЖКО зардап шеккен туралы статистика, олардың ауырлық дәрежесі және қоршау.

Алғашқы көмек көрсетуде уақыт факторының әсері. Жолаушыны қағып кеткендігі, рульге ұрылғанда, көлікті қатты тоқтатқанда, аударылған кездегі зардаптар.

Ми-сүйек зардабы, сынық белгілері, омыртқаның, жамбастың зақымдануы, ашық пневмоторакс, оның анық белгілері.

N3 Тақырып. Өмірге қауіп төндіретін механикалық және термиялық зардаптар.

Түсініктемелер: преагопальдық жағдай, агония, клиникалық ажал, биологиялық ажал. Олардың белгілері. Алғашқы дәрігерлік көмек көрсету кезеңінде реанимациялық іс-шаралардың мазмұны.

Шок. Жарақаттық, геморагиялық, күйіктік, кардиогендік, аллергиялық шоктың түрлері. Шоктың клиникалық көрінісі. Алғашқы дәрігерлік көмек көрсетудегі шокқа қарсы іс-шаралардың кешені.

Тыныс жетіспеушілігі. Дәрігерлік көмек көрсетуде тыныс жетіспеушілігінің дәрежесін төмендету әдістері, клиникалық белгілері, себептері. Кеуде жасушалары зақымдалуының жіктелуі. Асфикция.

Естен тану синдромы. Кома. Себептері. Естен тану кезеңінде асфиксияны алдын-алу тәсілдері.

Балалардың, қариялардың, жүкті әйелдердің өмірлеріне қауіп төндіретін ерекшеліктер.

N4 Тақырып. Апаттағы психикалық әсерлер. Психикалық зардап шеккендерге көмек көрсету ерекшеліктері.

Психикалық және неврологиялық ауытқулар, олардың сипаттамалары және болу жиілігі. Шок-аффективалық белгілер, психомоторлық ояну. Психикалық әсерлі, алкогольдік және есірткілік мас жағдайларда зардап шеккендерге дәрігерлік көмек көрсету ерекшеліктері.

N5 Тақырып. Термиялық зардаптар.

Термиялық күйіктер. Күйіктен зардап шеккендерге иммобилизация өткізу, жарақатты таңу ерекшеліктері, күйіктен зардап шеккен адамның дәрежесін анықтау, клиникалық көрінісі.

Көз бен жоғарғы тыныс жолдары күйіктен зардап шеккен адамдарға алғашқы медициналық көмек көрсетудің ерекшеліктері.

Жылудан зардап шеккен жарақат. Алғашқы медициналық көмек берудің принциптері. Суықтан, аяздан зардап шеккен жарақат. Үсікке шалдығу және суық тигізу. Осы жағдайларда жылыту тәсілдері.

№6 Тақырып. ЖКО-да зардап шеккендерге ұйымдастыру - құқықтық көмек көрсету аспектілері.

Зардап шеккендерге көмек көрсету немесе көмек көрсетпеу заңдылықтарға (әкімшілік және құқықтық) негізделген. Жол апатынан адам құрбан болған жағдайларындағы автокөлік жүргізушісінің, дәрігерлік қызметкердің, жол-көлік оқиғалары әкімшілік қызметінің міндеттері.

№7 Тақырып. Адам өміріне қауіп төндіретін терапиялық зардап шеккендер.

Диабеттік ком. Жүрек-қан тамыр жетіспеушілігі. Гипертониялық кризис. Астматикалық статус. Улану. Алғашқы дәрігерлік көмек көрсетудің тәсілдері, клиникалық белгілер.

№8 Тақырып. Көлік жол оқиғаларынан зардап шеккендерге алғашқы дәрігерлік көмек көрсетуде жүргізілетін өкпе-жүрек реанимациясы, асфикцияны жою.

Зардап шеккеннің жағдайының ауырлығын бағалау, өкпе-жүрек реанимациясын жүргізу көрсеткіштерін анықтау.

Жоғарғы тыныстың жұмысын қалпына келтіру. Ауыз қуысын тампонмен тазарту, жоғарғы тыныс жолдарының өтуіне қамтамасыз ету. "Ауыздан ауызға", "ауыздан мұрынға" жасанды тыныс жүргізу. Ауа жүргізуді пайдалану. Жүректің жабық массажының техникасы. Өкпе-жүрек реанимациясының бір немесе екі құтқарушы жасауының ерекшеліктері. Өкпе-жүрек реанимациясын бет, ашық кеуде клеткаларының зардап шеккендерге жасаудың ерекшеліктері.

Өкпе-жүрек реанимациясының балаларға жасаудағы ерекшеліктері. Балалардың механикалық асфиксиясын жою.

№9 Тақырып. Сыртқы қансырауды тоқтату.

Қансыраудың түрлері. Артериялық, тамырлық қансырау белгілері. Сыртқы қансырауды уақытша тоқтату тәсілдері: саусақтармен артерияны қысу, жіп немесе жгутпен байлау, қолды, аяқты қайыру.

Қан құсу, қан түкіру, қан ішекке кеткен жағдайларда алғашқы дәрігерлік көмек көрсету.

№10 Тақырып. Көлік иммобилизациясы.

Көлік иммобилизациясының жалпы принциптері. Бинтті таңу. Көлік иммобилизациясын жасау ережелері, бір үлгідегі қателер және асқынулар. Жамбас, омыртқа, бас, кеуде клеткалары зақымданған кездегі иммобилизацияның ерекшеліктері.

№11 Тақырып. Жаншылып қалғандарды босату, көліктен сыртқа шығару, оларды көлікке орналастыру және тасымалдау тәсілдері.

Көліктің жапырылып қалған есіктерін ашу, зардап шеккендерді әйнектері сынған терезе арқылы шығару тәсілдері. Ұзақ уақыт жаншылып қалған зардап шеккендерді (аяқ, қолдарын) шығару ерекшеліктері. Оларды зембілге орналастыру техникасы. Омыртқа мен жамбасы жарақаттанған адамдарды көліктен шығару, орналастыру ерекшеліктері. Жеңіл көліктерді (жеңіл машина, жүк таситын автокөлік, автобус) зардап шеккендерді орналастыру үшін пайдалану.

№12 Тақырып. Жарақаттанған жерлерін тазарту, дәрілеу. Десмургия.

Жарақаттанған жерлерді тазарту техникасы, дәрілеу және таңғышпен орау. Кеудені орайтын арнаулы жеке пакетпен орау немесе қолға түскен заттармен, тақтайшалар салып түзу байлау. Қолда бар құралдарды барынша пайдалану.

№13 Тақырып. Жеке аптечканы қолдану.

Жеке аптечканы түгендеу. Ішіндегі дәрі-дәрмекті пайдалана білу.

ҚОСЫМША

1. Ауыз қуысын және жоғарғы тыныс жолдарының өтуін тазарту техникасы.

2. Өкпеге жасанды ауа жіберу.

- ауыздан ауызға (жасанды тыныс жасауға арналған жабдықтарды пайдалану және пайдалану жағдайлары)

- мұрыннан ауызға

3. Жүректі жабық түрде массаж жасау:

- екі қолмен

- бір қолмен

4. Бір құтқарушы адамның реанимациялық іс-шараларды өткізуі

5. Екі құтқарушы адамның реанимациялық іс-шараларды өткізуі.

6. Тамырды анықтау:

- сәулелі артерияда

- жамбас артерияда

- ұйқы артерияда

7. Тыныс және пульс жиілігін анықтау.

8. Көздің қарашық реакциясы.

9. Қансырауды уақытша тоқтату техникасы:

- иық, тізе арты, жамбас және ұйқы артерияларын қысу

- жгутпен, қолда бар заттармен байлау

- тізені, шынтакты барынша қайыру

- резина жгутын қою

- мұрынға тампон қою

- "Статин" ұнтағын және Котекс "Тем" майлығын пайдалану

10. Жарақаттанған жерлерді тазарту, дәрілеу

11. Бинт таңғыштарын қою:

- аяққа, қолға циркулярлық

- к о л о с т ы қ

- с п и р а л ь д ы қ

- " г е п е ц "

- т а с б а қ а

- к о с ы н к а л ы

- Д е з о

- О к к л ю з и в т і к

- Б а с у , е з у

- к о н т у р л ы қ

12. Торлы бинтті пайдалану

13. Аяқ, қолды эластикалық әдіспен бинттеу

14. Бактерицидтік пластырьді, лейкопластырьді пайдалану

15. Зардап шеккендерге қолданыстағы құралдарды және торлы шиналарды пайдаланып, төмендегі жарақаттану кезінде көлікті иммобилизациялау:

- и ы қ т ы

- и ы қ а с т ы н

- а л а қ а н

- ж а м б а с т ы

- т і з е н і

- т а б а н д ы

16. Төмендегі жарақаттануда зардап шеккендерді көлікті иммобилизациялау техникасы:

- о м ы р т қ а н ы

- қ а р ы н д ы

- көптеген қабырға сынықтарын

- б а с (м и) ж а р а қ а т ы н

17. Төмендегі жарақаттануда зардап шеккендерді шығару және зембілге орналастыру техникасы:

- к е у д е к л е т к а л а р ы

- қ а р н ы (і ш)

- ж а м б а с т ы

- о м ы р т қ а н ы

- б а с т ы

18. Төмендегі жарақаттануда зардап шеккендерді тасымалдау техникасы:

- з е м б і л м е н

- ж а п қ ы ш п е н

- қ а л қ а н м е н
- қ о л д а р м е н
- а р қ а д а
- и ы қ т а
- о р ы н д ы қ т а

19. Зардап шеккендерді көлікке орналастыру - жеңіл көлікке (жеңіл, жүк көлігі) санитарлық көлік

20. Көзге дәрі тамызу, көзді сумен жуу

21. Зардап шеккендердің киімін шешу

22. Зардап шеккендер адамның мотоцикл каскасын шешу

23. Хлорэтилмен ауыртпай ем жасау техникасы

24. Аэрозольды пайдалану

25. Жеке таңу перевязка пакетін ашу

26. Ауа жинауды ендіру техникасы

27. Гипотермиялық пакет-контейнерді пайдалану

28. Естен танғанда нашатыр спиртті қолдану

29. Асқазанды жуу техникасы

**"АВТОМОБИЛЬ ЖҮРГІЗУ" пәні бойынша бағдарлама
және үлгілік тақырыптық жоспар**

Тақырыптық жоспар

№№	Тақырыптар пен тапсырмалардың атауы	Сағат саны
№ N 1 тақырып. Бастапқы оқыту		
1	Отырғызу. Басқару органдарымен және сигнализация аспаптарымен әрекет ету тәсілдері.	1
2	Автомобильдерді басқару тәсілдері.	2
3	Берілісті қосу арқылы қозғалыс.	3
4	Көтерілу және төмен түсу тәртібіндегі қосу арқылы қозғалыс.	3
5	Бағытты өзгертумен қозғалыс.	3
	БАРЛЫҒЫ:	12
№ N 2 тақырып. Шектеулі жүріп өтулердегі жүргізу.		
6	"Тапсырылған" орынға тоқтау, бұрылу	2
7	Шектеулі жүріп өтудегі маневр жасау.	2
8	Қиын маневр жасау.	2
	БАРЛЫҒЫ:	6

	№N1 бақылау сабағы	0,5
№ N 3		
тақырып. Оқу бағыттары бойынша жүргізу.		
9	Аз қарқынды қозғалыстағы бағыттар бойынша жүргізу.	8
10	Үлкен қарқынды қозғалыстағы бағыттар бойынша жүргізу.	8
	БАРЛЫҒЫ:	16
	№N2 бақылау сабағы	1
№ N 4		
тақырып. Автомобильді басқару тәжірибесін жетілдіру		
11	Жолдың әртүрлі жағдайында автомобиль жүргізудің тәжірибелерін жетілдіру.	2
	Емтихандар	2,5
	БАРЛЫҒЫ:	40

"АВТОМОБИЛЬ ЖҮРГІЗУ" пәнінің бағдарламасы.

N1 тақырып. Бастапқы оқыту.

N1 Тапсырма. Отырғызу. Басқару органдарымен және сигнализация аспаптарымен әрекет жасау тәсілдері (жаттықтыру-автомобильдерінде немесе автожаттықтырушыларда үйрету).

Автомобильмен (автожаттықтырушымен), басқару органдарымен және сигнализация аспаптарымен жалпы таныстыру. Маршрутқа шықпас бұрын автомобильді тексеру үшін қарап шығу. Кабинаға отырғызу.

Орындық жағдайын реттеу, қауіпсіздік белдігін тағуға, двигательді қосуға, сигнал беруге, әйнек тазалаушыны, жарық беру жүйесін қосуға жаттығу жасау.

Бос жүрісте двигатель айналымының акселераторы педалін реттеу. Берілісті қосу схемасымен танысу. Бірінші берілісті қосу, қозғалту имитациясы.

Басқарылатын дөңгелектер жағдайы туралы кері байланысты сақтауды қамтамасыз ететін рульдеу техникасын игеру.

Рульдік дөңгелекті 120° , 130° , 240° , 360° бұрышына бұруға және нейтральды жағдайға дөңгелекті қайта әкелуге жаттығу.

Тахометр (егер бар болса) мен спидометр бойынша көлік құралының айналымы мен жылдамдығын реттеу.

N2 Тапсырма. Автомобильдерді басқару тәсілдері (жаттықтыру-автомобильдерінде немесе автожаттықтырушыларда үйрету).

Рульді ұстау тәжірибесін дамыту: рульдік дөңгелекке қолды қою, қарқындылықты біртіндеп арттыру арқылы екі қолмен рульдік дөңгелекті оң мен солға кезек бұру.

Орнынан қозғалу жағдайында басқару органдарының әрекеті.

Аз ғана жылдамдықпен қозғалу, берілісті тікелей қосу бойынша қозғалыс, орнынан қозғалу.

N3 Тапсырма. Берілісті қосу арқылы қозғалыс (жаттықтыру-автомобильдерінде немесе автожаттықтырушыларда үйрету).

Жоғары көтерілу тәртібімен берілісті тікелей қосу бойынша қозғалу, орнынан жылжыту. Тежелу және тоқтау тәсілдері. Тікелей артқы жүріспен қозғалу.

N4 Тапсырма. Көтерілу және төмен түсу тәртібіндегі қосу арқылы қозғалыс (жаттықтыру-автомобильдерінде немесе автожаттықтырушыларда үйрету).

Екпін. Жоғары көтерілетін және төмен түсетін берілісті қосумен қозғалу. Жағдайды реттеу жолымен жылдамдықты тікелей өзгерту бойынша қозғалыс. Төменгі беріліске өтудің деңгейлік әдісі (кезекті және кезектілікті сақтамай). Тежелудің әртүрлі әдістері.

N5 Тапсырма. Бағытты өзгертумен қозғалыс

Айналма бағыт бойынша алдыңғы жүріспен қозғалу. Стоп - бағытта аялдамалардағы екпін және тежеу. Қарама-қарсылық арасында оңға және солға бұрылу.

Жолды бақылаудың әртүрлі әдістерін тікелей пайдалану бойынша артқы жүріспен қозғалу.

Оңға және солға бұрылу арқылы артқы жүріспен қозғалу.

N2 Тақырып. Шектеулі жүріп өтулердегі жүргізу

N6 Тапсырма. Тапсырылған орынға тоқтау, бұрылу

Алдыңғы және артқы жүріспен қозғалуда, жол белгісінде, тротуарда автомобильдің аялдауы. Алдыңғы және артқы шектеуге келіп жету. Оңға және солға бұрылумен тікелей бағыттағы қиылыстардан өту. Артқы жүрісті қолданбай бұрылу.

N7 Тапсырма. Шектеулі жүріп өтуде маневр жасау.

Алдыңғы және артқы жүріспен тиісті және қарама қарсы жақтан қақпаға кіру. Оңға және солға бұрылумен, алдыңғы және артқы жүріспен қақпадан шығу. Алдыңғы жүріспен "ирелектетіп" өту. Артқы жүрісті қолдану арқылы шектеулі учаскеде бұрылу. Габаритті аулаға кіру, артқы жүрісті қолданумен бұрылу, алдыңғы жүріспен шығу.

N8 Тапсырма. Қиын маневр жасау.

Автомобильді қою. Габаритті тұраққа автомобильді қою. Оңға (солға) бұру жағдайымен артқы жүріспен габаритті тоннель ішінде қозғалыс.

№ 1 бақылау сабағы.

Автодромдағы (жаттығу алаңы) тексерулер: орынан қозғалту, тапсырылған бағдар мен стоп - бағытта аялдаумен айналма бағыт бойынша қозғалу, алдыңғы жүріспен "ирелектетіп" өту, габаритті аулаға кіру, артқы жүрісті қолданумен бұрылу, алдыңғы жүріспен шығу, габаритті тұраққа автомобильді қою. Оңға (солға) бұру жағдайымен артқы жүріспен габаритті тоннель ішінде қозғалыс.

№3 Тақырып. Оқу бағыттары бойынша жүргізу.

№9 тапсырма. Аз қарқынды қозғалыстағы бағыттар бойынша жүргізу.

Қала (елді мекен) көшелеріне шығу. Көлік ағымында қозғалу. Аялдау және қозғалыс басы. Шектеулі көріністегі бұрылыстардағы қозғалыс. Қоғамдық көлік аялдамаларынан, жаяу жүргіншілер өтетін жерлерден жүріп өту. Парковка тәсілдерін өңдеу. Тар өткелдердегі қарсы жүріс. Кедергілерден айналып өту. Жол желілері мен көпірлердегі қозғалыс. Темір жол тораптарынан өту.

Қиылыстан өту. Қиылыстан өту кезіндегі жүргізушінің әрекеті. Қиылысты (шолушылық, сызықтар саны, көліктердің болуы және тағы басқалары) бағалау. Қайта құру. Бағдаршам (реттеуші) сигналы бойынша әрекет. Қозғалыс траекториясын таңдау. Реттелмеген қиылыстардан өту. Қозғалыс жылдамдығын таңдау. Пилотажды аспаптарды пайдалану. Бағыт бойынша қозғалыстың орташа жылдамдығы мен жанар-жағар майдың пайдалану шығынын анықтау.

№10 Тапсырма. Үлкен қарқынды қозғалыстағы бағыттар бойынша жүргізу.

Қала (елді мекен) көшелеріне шығу. Көлік ағымында қозғалу. Аялдау және қозғалыс басы. Шектеулі көріністегі бұрылыстардағы қозғалыс. Қоғамдық көлік аялдамаларынан, жаяу жүргіншілер өтетін жерлерден жүріп өту. Парковка тәсілдерін өңдеу. Тар өткелдердегі қарсы жүріс. Кедергілерден айналып өту. Жол желілері мен көпірлердегі қозғалыс. Темір жол тораптарынан өту.

Қиылыстан өту. Қиылыстан өту кезіндегі жүргізушінің әрекеті. Жақын келген көлік құралының арақашықтығын анықтау. Жақын келген көлік құралының жылдамдығын анықтау. Қиылыстан өту үшін уақытын анықтау. Қиылысты (шолушылық, сызықтар саны, көліктердің болуы және тағы басқалары) бағалау. Қайта құру. Бағдаршам (реттеуші) сигналы бойынша әрекет. Қозғалыс траекториясын таңдау. Реттелмеген қиылыстардан өту. Қозғалыс жылдамдығын таңдау. Пилотажды аспаптарды пайдалану. Бағыт бойынша қозғалыстың орташа жылдамдығы мен жанаржағар майды пайдалану шығынын анықтау.

№ 2 бақылау сабағы.

Бақылау бағытында тексерілетіндер: қозғалыс басы, жүргінші бөлікте орналасу, бір қозғалыс сызығынан екіншісіне өту, оңға және солға бұрылулармен тікелей бағытта қиылыстан өту, көлік ағымындағы қозғалыс. Қоғамдық көлік

аялдамаларынан өту, көлік құралдарын басып озу, тежеу, темір жол тораптарынан өту, бағыт бойынша қозғалыстың орташа жылдамдығы мен 100 км-ге кететін литрдегі жанар-жағар майды пайдалану шығыны.

№4 Тақырып. Автомобильді басқару тәжірибесін жетілдіру.

№11 Тапсырма. Жолдың әртүрлі жағдайында автомобиль жүргізудің тәжірибелерін жетілдіру

Бұл тапсырма автомобильді басқарудағы кемшіліктерді жою және жол қатынасының әртүрлі жағдайында автомобильді басқару тәжірибесін жетілдіру үшін жүргізіледі.

Бірінші кезең, үйрену жүрісі үшін алаңда (автодром).

Екінші кезең, жол қозғалысы жағдайында бақылау бағытында.

Е м т и х а н н ы ң м а қ с а т ы :

- Жол қатынасының әртүрлі жағдайында үйренушіге автомобильді өз бетімен басқару дайындығын анықтау;

- Көлік құралдарын басқаруда меңгерген тәжірибелер мен үйренулердің деңгейін қалыптастыру;

- Жол қатынасының әртүрлі жағдайындағы көлік құралдарын басқаруда жол қозғалысы Ережесін қолдануды тексеру.

"С" санатты жүргізушілерді дайындаудағы бағдарламаның жобасы.

Үлгілік оқу жоспары.

№N	Пәндер	Сағат саны		
		Барлығы	Теориялық	Практика.
1.	Техникалық қызмет көрсету және құрылым.	100	86	14
2.	Жол қозғалысы Ережелері.	90	62	28
3.	Көлік құралын білу негіздері және қозғалыс қауіпсіздігі.	60	60	
4.	Алғашқы дәрігерлік көмек көрсету.	24	8	16
	Барлығы:	274	216	
	Кенестер	12	12	
	Емтихандар:			
1.	Құрылым және техникалық қызмет көрсету.	12	12	
2.	"Жол қозғалысы Ережелері Көлік құралын басқару негіздері және қозғалыс қауіпсіздігі"	12	12	
3.	Автокөлікті жүргізу.			
	Сынақ:			
1.	"Алғашқы дәрігерлік көмек көрсету"	1	1	
	Барлығы:	311	253	

Автокөлік жүргізу емтиханы автокөлік жүргізуге бөлінген уақытта өткізіледі

Автокөлік жүргізуге оқу уақыты кестесінен тыс 54 сағат беріледі, оның ішінде 6 сағат - автотренажерде. Ал автотренажер болмаған жағдайда 60 сағат автокөлікте өтеді.

"Құрылым және техникалық қызмет көрсету" пәні бойынша үлгілік тақырыптық жоспар және бағдарлама.

Тақырыптық жоспар.

№N	Бөлімдер мен тақырыптардың атауы	Сағат саны
1.	1-Бөлім. Кіріспе.	3
	Автокөліктің саралануы және жалпы құрылымы.	1
	2-Бөлім. Двигатель.	
2.1.	двигательдің жұмысы мен жалпы құрылымы.	2
2.2.	Кришипті-шатунді механизм.	2
2.3.	Газ бөліну механизмі.	2
2.4.	Суыту жүйесі.	2
2.5.	Майлау жүйесі.	2
2.6.	Қоректену жүйесі.	2
2.7.	Карбюратордегі двигательдің қоректену жүйесі.	8
2.8.	Дизельді двигательдің қоректену жүйесі.	6
2.9.	Газобалондегі автокөліктің двигательдің қоректену жүйесі	1 0
2.10	Төмен температурада двигательдің қосылуы.	2
	3-Бөлім. Электр жабдықтары.	
3.1.	Автокөліктің электр жабдығының кег. Мәліметтері	2
3.2.	Аккумулятор батареялары.	2
3.3.	Генератор және реле-реттеуші.	2
3.4.	Стартердің көмекші электр двигательдері.	2
3.5.	Жарықтандыру, жарық және дыбыстық дабыл.	2
3.6.	Оталу.	6
	4-Бөлім. Трансмиссия.	
4.1.	Трансмиссияның жалпы құрылымы және атқаратын қызметі.	1
4.2.	Сцепление.	2
4.3.	Ауыстыру қорабы, тарату қорабы, қуат жинау қорабы.	2
4.4.	Карданды ауысу және негізгі ауысу. Басты мостылар.	4
	5-Бөлім. Негізгі жүйе	
5.1.	Кузов. Автокөліктің жүріс бөлігі.	2
5.2.	Алдыңғы және артқы іліну бөлшектері.	2
	6-Бөлім. Автокөлікті басқару жүйесі.	
6.1.	Тежеуіш жүйесі.	7
6.2.	Рульдің басқару жүйесі.	4

7-Бөлім. Техникалық қызмет көрсету негіздері		
7.1.	Пайдалану материалдары және шығын нормасы.	1
7.2.	Автокөлік пайдаланудағы еңбек қауіпсіздігі. Қоршаған органы қорғау.	2
7.3.	Бақылап тексеру және күнделікті қызмет көрсету	2
7.4.	N1, N2 техникалық, маусымдық қызмет көрсету	2
7.5.	Ұсақ техникалық ақаулардың белгілері және оларды жою. Автокөлік жұмысының көрсеткіштері.	1 2
7.6.	Барлығы	2 100

Бұл тақырыптар оқу автокөлегінде практикалық сабақтар кезінде оқылады.

Бағдарлама 1-Бөлім Кіріспе.

1.1. Тақырып. Автокөліктердің саралануы және жалпы құрылымы.

Автокөліктердің атқаратын қызметі мен саралануы. Негізгі агрегаттардың, түйіндердің, механизмдердің және жүйесінің атқару қызметі, орналасуы, арақатынасы. Оқылатын автокөліктердің қысқаша техникалық сипаттамалары.

2-Бөлім. двигатель.

2.1. Тақырып. двигательдің жұмысы және құрылымы.

Карбюратордегі және дизельді двигательдердің атқаратын қызметі, құрылымы және жұмыс істеу принциптері.

Газ алмасу процестері, олардың атаулары және сипаттамалары. двигатель жұмысын сипаттайтын теминдер, олардың анықтамалары. "Қызмет істемейтін нүктелер", поршень жүрісі, жану камералар көлемі, цилиндрдің жұмыс істейтін және толық көлемдері, жану дәрежесі, двигатель метражы.

2.2. Тақырып. Кришипті-шатунды механизм.

Кришипті-шатунды механизмнің атқаратын қызметі, құрылымы және жұмысы. Кришипті-шатунді механизмнің негізгі детальдар құрылымының е р е к ш е л і к т е р і .

Белгілі ақаулар, олардың себептері мен жою тәсілдері.

2.3. Тақырып. Газ алмасу механизмі.

Газ алмасу механизмнің атқаратын қызметі және жұмысы. Клапандардың ашылуы және жабылуының ерте болуы мен кешігуі. Клапандардың жабылу түсінігі. Газ алмасу фазалары. Белгілі ақаулар, олардың себептері мен жою тәсілдері.

2.4. Тақырып. Салқындату жүйесі.

Салқындату жүйесінің атқаратын қызметі. Суыту тәсілдері. Салқындатқыш сұйықтар және оларға қойылатын талаптар. Двигательдің қызып кетуі және суып

калуы. двигательдің жылулық режимі және салқындатқыш сұйықтардың температурасын бақылау. двигательдің үнемі жылулық режимін сақтау тәсілдері.

двигательдің салқындату аспаптарының жұмысы және құрылымы. Оқылатын двигательдердің салқындату аспаптарының жұмысы, орналасуы, құрылымы және атқаратын қызметі.

Белгілі ақаулар, олардың себептері мен жою тәсілдері.

2.5. Тақырып. Майлау жүйесі.

Майлау жүйесінің атқаратын қызметі. двигательге қолданылатын майлар, олардың қасиеттері. Май қысымын бақылау. двигательдегі майды суыту және тазарту тәсілдері. Карбюратордегі және дизельді двигательдердің детальдарын майлау схемасы. Жоғары қысымнан сақтау мақсатында майлау жүйесінің құралдары. Картердің желдеткіш жұмысы құралы және атқаратын қызметі.

Белгілі ақаулар, олардың себептері мен жою тәсілдері.

2.6. Тақырып. Қоректену жүйесі.

Қоректенудің атқаратын қызметі. Автокөлік двигательдеріндегі отынның түрлері. Бензин, оның негізгі қасиеттері. Бензин маркалары. Дизельді отын, оның негізгі қасиеттері. Дизельді отын түрлері. Жанар-жағар майлар қоспалары. Жанар-жағар майлардың құрамы бойынша саралануы. Детонацияның двигатель жұмысына әсері. двигательдің жұмыс қатаңдығы түсінігі. Экономиканың қуатты қоспалар түсінігі.

Шығарылатын газдардың улылығына жанар май құрамының әсері.

2.7. Тақырып. Карбюратор двигательінің қоректену жүйесі.

Карбюраторлік двигательдің қоректенуінің принциптік схемасы. Карбюраторлік двигательдің қоректену аспаптарының орналасуы, жұмысы, құрылымы, атқаратын қызметі. Карбюратор жұмысының принципі, карбюратордың жұмысының әр түрлі режимдері газда жұмыс істейтін газ баллондық қондырғыларының принциптік схемасы. Газ баллон аспаптарының қондырғылары, олардың құрылымы және жұмысы. Газ баллон автокөліктерін пайдаланудың қауіпсіздік талаптары.

Карбюраторлық двигательдің қоректену ақаулары, оның белгілері, себептері және жою жолдары.

2.8. Тақырып. Дизельді двигательдің қоректену жүйесі.

Дизельді двигательдің қоректенуінің принциптік схемасы.

Дизельді двигательдің қоректену ақаулары, белгілері, себептері және жою жолдары.

2.9. Тақырып. Төменгі температурада двигательдің іске қосылуы.

Төменгі температурада двигательдің іске қосылуын қиындататын себептер.

Қысқы және барлық маусымдарға бөлген майлар мен отындар.

Төменгі температурада двигательді іске қосуды жеңілдетудің негізгі тәсілдері : электрофакельдік қондырғылар, бейімделу қондырғылары, двигательді қыздыру үшін ыстық суды пайдалану.

3-Бөлім. Электр қондырғылары.

3.1. Тақырып. Автокөліктердің электр қондырғылары.

Автокөліктердің электр қондырғылары мен оның элементтерінің атқаратын қызметі және жалпы мәліметтері. Электр энергиясының көздері мен тұтынушылары, көмекші аппаратура, бақылау-өлшеу аспаптары, сымдар, изоляторлар. Автокөлікте сымдардың орналасуы. Электр жабдығының жалпы схемасы.

3.2. Тақырып. Аккумулятор батареялары.

Аккумулятор батареясының қондырғысы, жұмысы және атқаратын қызметі. Аккумулятор батареясының түрлері, оларды бөлу. Электролит және онымен жұмыс істеудегі қауіпсіздік шаралары. Аккумулятор батареясын пайдаланудың к е п і л д і к м е р з і м і .

Аккумулятор батареясының ақаулары, оларды жою жолдары.

3.3. Тақырып. Генератор және реле реттеуіш.

Генератор ақаулары, олардың себептері, себептерін табу және жою. Реле-реттеуіштің жалпы құрылымы, жұмыс істеу принципі, атқаратын қызметі. Оқылып жатқан автокөлікте қолданылатын реле-реттеуіштер.

Реле-реттеуіштің мүмкін деген ақаулары, олардың себептері, белгілерін табу және жою.

3.4. Тақырып. Стартер көмекші электр двигателі.

Стартердің құрылымы, жұмыс істеу принципі, атқаратын қызметі. Стартердің мүмкін деген ақаулары, оның белгілері, себептері және жою ж о л д а р ы .

Көмекші электр двигателдері, олардың құрылымы, атқаратын қызметі мүмкін деген ақаулары, белгілері, себептері, жою жолдары.

3.5. Тақырып. Жарық жүйесі, жарық және дыбыс дабылы.

Жарық аспаптарының жалпы құрылымы, атқаратын қызметі. Жарық, дыбыс дабылын беретін аспаптарды пайдалану ережелері.

Жарық және дабыл аспаптарының ақаулары, себептері және жою жолдары.

3.6. Тақырып. Оталу жүйесі.

Батареялы оталу жүйесінің атқаратын қызметі және оның жалпы схемасы. Батареялы оталу аспаптарын қосу, орналастыру, оның атқаратын қызметі.

Оталу сәтінің двигатель қуатына, үнемділігіне, жылу режиміне әсері.

Вакуумдық және орталықтанған реттеуіштердің жұмыс істеу принципі мен атқаратын қызметі.

Транзисторлы-байланысты және транзисторлы байланыссыз оталу жүйесінің жалпы схемасы және жұмыс істеу принципі.

Транзисторлы-байланысты оталу жүйесінің ақаулары, себептері, белгілері және жою жолдары.

4-Бөлім. Трансмиссия.

4.1. Тақырып. Трансмиссияның жалпы құрылымы және атқаратын қызметі.

Трансмиссияның құрылымы мен атқаратын қызметі. Бір немесе бірнеше жетекші көптермен болатын трансмиссия схемасы. Агрегаттарды пайдалану.

4.2. Тақырып. Орнынан қозғалтқыш.

Орнынан қозғалтқыштың атқаратын қызметі және жұмыс істеу принципі, орнынан қозғалтқышты пайдалануды реттеу.

4.3. Тақырып. Ауысу қорабы, тарту қорабы, қуат алу қорабы.

Ауысу қорабының атқаратын қызметі. Ауысу қорабының түрлері. Ауысу қорабының жалпы құрылымы және жұмысы. Төрттік ауысу немесе бестік ауысу қорабы құрылымының ерекшеліктері және жұмысы.

Синхронизатор жұмысы, атқаратын қызметі, құрылымы, жұмыс істеу принципі. Ауысу қорабын бөлінгішпен басқару. Тарту қорабының жұмысы, атқаратын қызметі, құрылымы.

4.4. Тақырып. Карданды және негізгі өткізілімдер.

Жетекші көпірлер. Карданды және негізгі өткізілімдердің жұмысы, атқаратын қызметі, құрылымы. Ақаулары, оның белгілері, себептері, жою жолдары.

5-Бөлім. Негізгі жүйе.

5.1. Тақырып. Кузов. Автокөліктің жүріс бөлігі.

Кузовтың атқаратын қызметі, құрылымы және автокөлікте орналасуы. Амортизатордың атқаратын қызметі және жұмысы. Арнайы жабдықтар: лебедка, шинадан ауа қысымын реттеу жүйесі, көмекші механизмдер, олардың атқаратын қызметі және автокөлікте орналасуы. Арнайы жабдықтардың жұмысы.

5.2. Тақырып. Алдыңғы және артқы ілінгіштер.

Автокөліктің алдыңға ілінгіштерінің атқаратын қызметі, құрылымы. Алдыңғы ілінгіштер детальдарының жұмысы. Артқы ілінгіштің құрылымы және жұмысы. Дөңгелектердің орналасуы, оларды қондыру, оның жіктелуі. Пневматикалық шиналарды қондыру, оның жіктелуі. Ақаулар, оның белгілері, себептері, жою жолдары.

6-Бөлім. Автокөлікті басқару жүйесі.

6.1. Тақырып. Тежеуіш жүйесі.

Тежеуіш жүйесінің атқаратын қызметі, жіктелуі, тежеуіш механизмнің түрлері. Оқылатын автокөліктердің тежеуіш жүйесі аспаптарының орналасу с х е м а с ы .

Қолданыстағы тежеуіш сұйықтары, олардың қасиеттері. Гидровакуумдық тежеуіштің атқаратын қызметі, жұмыс істеу принципі, құрылымы және жұмысы.

Істегі тұрақты, көмекші, апатты тежеуіш жүйелерінің атқаратын қызметі. Ақаулар, олардың белгілері, себептері және жою жолдары. Рульдік басқарудың атқаратын қызметі. Рульдік басқарудың схемасы.

Рульдік механизм құрылымы, атқаратын қызметі, жұмыс істеу принципі. Рульдік механизм түрлері. Рульдік басқаруды күшейткіштің атқаратын қызметі мен жұмыс істеу принципі. Гидравликалық күшейткіштің атқаратын қызметі және жұмыс істеу принципі. Гидрокүшейткіш насосының құрылымы мен жұмысы. Рульдік басқару жүйесіндегі май радиаторының атқаратын қызметі және құрылымы. Қолданылатын майлар. Ақаулар, оның белгілері, себептері және жою жолдары.

7-Бөлім. Техникалық қызмет көрсетудің кездері.

7.1. Тақырып. Пайдаланылатын материалдар және олардың шығын нормасы.

Пайдаланатын материалдар және олардың атқаратын қызметі. Шиналар мен аккумулятор батареясының қызмет мезгілдері.

Автокөліктегі отын шығыны нормалары. Төмен температурада отын шығыны . Моторлы және трансмиссионды майлардың шығын нормасы. Шиналар және аккумулятор батареясының қызмет өтілін жоғарылату жолдары, отынды үнемдеу .

7.2. Тақырып. Автокөлікті пайдаланудағы еңбек қауіпсіздігі. Қоршаған ортаны қорғау .

Автокөлікті пайдалануда және техникалық қызмет көрсеткенде қауіпсіздік ережелерінің жалпы талаптары. Газдармен, этил бензинімен және улы сұйықтармен улану қауіптілігі.

Электр аспаптарды пайдалану кезіндегі қауіпсіздік ережелері. Жүкті тиеу және түсіру кезіндегі еңбек қауіпсіздігі. Өртке қарсы қауіпсіздік шаралары, автокөліктегі өртті өшіру ережелері. Қоршаған ортаны ластауды азайту бойынша шаралар.

7.3. Тақырып. Бақылап тексеру және күнделікті техникалық қызмет көрсету.

Автокөлікті бақылап тексеру жұмыстарын жүргізу тәртібі. Күнделікті техникалық қызмет көрсету жұмыстары.

7.4. Тақырып. N 1, N 2 және маусымдық техникалық қызмет көрсету.

(ТО-1 және ТО-2) номерлі және маусымдық техникалық қызмет көрсетудегі қайталану жұмыстарын, сонымен бірге жұмыс көлемін зерттеу.

Техникалық қызмет көрсету жұмыстары барысында қауіпсіздік шаралары.

7.5. Тақырып. Ұсақ ақаулар белгілері және оларды жою.

Дөңгелектен қысымды тексеру. Дөңгелек ауыстыру. Руль механизмде май деңгейін тексеру және ондағы люфтті анықтау.

Приборлардағы көрсеткіште қызыл лампаның жануы (май қысымы, тежеуіш жүйесінде сұйықтың азаюы, двигательдің қызуы).

Отын беру қызметін тексеру генератор белбеуін ауыстыру.

Аккумулятор батареясының зарядталу дәрежесі, ауыстыру.

Аккумулятор батареясының зарядталу дәрежесі, электролит деңгейін тексеру.

Оталу жүйесін от шашырауды тексеру. Свечалардың жұмысқа қабілетілігін тексеру және оларды ауыстыру.

Істен шыққан лампаларды ауыстыру.

Тежеуіш колодкалардың жағдайын тексеру көрсеткіштері.

Автокөлік жұмысы және оның көрсеткіштері тонно-километр; рейсте болу уақыты, жүкпен бірге жалпы және нольдік өтілім, жүксіз өтілім, өтілімді пайдалану коэффициенті, автокөлік қозғалысы жылдамдығының орташалығы, ауыр жүк көтергіштік коэффициенті.

Ауыр жүк көтергіштік коэффициентінің көлеміне әсер ететін факторлар.

"ЖОЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ" пәні бойынша үлгілік тақырыптық жоспар және бағдарлама.

Тақырыптық жоспар

№N	Бөлім және тақырып атаулары	Барлығы	Сағат саны	
			Теориялық сабақ	Практикалық сабақ
1-Бөлім. Жол қозғалысы Ережелері				
1	Жалпы ережелер. Негізгі түсініктер мен терминдер. Жүргізушілердің, жаяу адамдардың және жолаушылардың міндеттері.	4	4	
2	Жол белгілері.	10	10	
		2	2	

3	Жол белгілері және оның сипаттамасы. 1-3 тақырыптары бойынша практикалық сабақтар.	6	-	-	6
4	Қозғалыс тәртібі. Көлік құралының аялдауы және тұрақтауы.	8	8		
5	Жол қозғалысын қадағалау 4-5 тақырыптар бойынша практикалық сабақтар	4 8	4 -	-	8
6	Жол қиылысынан өту	8	8		-
7	Жаяу адам өтетін жерден өту, маршрутты көлік құралдарының тоқтауы және темір жол пойызы 6-7 тақырыптар бойынша практикалық сабақтар	4 14	4 14		-
8	Қозғалыстың ерекше жағдайлары	4	4		
9	Жолаушылар мен жүк тасымалдануы.	2	2		-
10	Көлік құралдарының жабдықтары мен техникалық жағдайы.	4	4		
11	Нөмірлік, алдын-ала хабар беретін белгілер, жазулар және белгіленулер	2	2		
2-Бөлім. Жүргізушінің құқықтық жауапкершілігі					
12	Әкімшілік жауапкершілік.	2	2		-
13	Қылмыстық жауапкершілік.	2	2		-
14	Азаматтық жауапкершілік.	2	2		-
15	Табиғатты қорғаудың құқықтық негіздері	2	2		-
16	Көлік құралына деген меншік құқығы	1	1		-
17	Көлік құралын және жүргізушіні сақтандыру.	1	1		-
Барлығы:		90	62		28

Бағдарлама 1-Бөлім. ЖОЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ.

№1 Тақырып. Жалпы ережелер. Негізгі түсініктер мен терминдер. Жүргізушілердің, жаяу адамдардың, жолаушылардың міндеттері.

Жол қозғалысы қауіпсіздігін және тәртібін сақтауды қажет ететін ережелер. Ережелердің жалпы құрылымы. Ережедегі негізгі түсініктер мен терминдер. Жол қозғалысына қатысатын тұлғалардың және жол қозғалысын реттейтін тұлғалардың міндеттері. Жол қозғалысында тыйым салу тәртібі.

Механикалық көлік құралының жүргізушісінде болуға міндетті және полиция қызметкерлеріне көрсететін құжаттар.

Жолға шығар алдындағы жүргізушінің міндеттері. Лауазымды тұлғаларға

көлік құралын пайдалануға беру тәртібі. Мүгедек-жүргізушілердің міндеттері. Көлік құралын пайдалануға және басқаға беруге жол берілмейтін жағдайлар.

Арнайы сигналы бар көлік құралы жүргізушілерінің құқықтары мен міндеттері. Арнайы көлік құралының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін басқа жүргізушілердің міндеттері. Арнайы көлік құралының қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ететін басқа міндеттер. Жол апатына ұшыраған жүргізушінің міндеттері. Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жаяу адамдар мен жолаушылардың міндеттері.

№2 Тақырып. Жол белгілері.

Жалпы жол қозғалысын ұйымдастыруда жол белгілерінің алатын орны. Белгілерді орналастыруға арналған талаптар. Маусымдық, уақытша және негізгі белгілер.

Ескертетін белгілер. Атқаратын қызметі. Ескертудің жалпы белгілері. Әрбір жол белгісінің атауы мен атқаратын қызметі. Ескерту жол белгісі бар жолдың қауіпті учаскесінде жүргізушінің іс-әрекеті.

Тыйым салатын жол белгілері. Атқаратын қызметі. Тыйым салудың жалпы белгілері. Әрбір жол белгісінің орналасатын жері, атауы, атқаратын қызметі. Тыйым салатын жол белгілерінің талаптарына сай жүргізушілердің іс-әрекеті.

Алдын-ала жазылатын жол белгілері. Атқаратын қызметі. Алдын-ала жазудың жалпы белгілері талаптарына сай жүргізушілердің іс-әрекеттері.

Ақпаратты-сілтеу жол белгілері. Атқаратын қызметі. Ақпаратты-сілтеу жол белгілерінің жалпы белгілері. Әрбір жол белгісінің орналасқан жері, атауы, атқаратын қызметі.

Қозғалыстың белгілі кестесі енгізген жол белгілері талаптарына сай жүргізушілердің іс-әрекеті.

Қызмет көрсету жол белгілері. Атқаратын қызметі. Әрбір жол белгісінің атауы мен орналасуы.

Қосымша ақпарат белгілері. Атқаратын қызметі. Әрбір белгінің атауы мен орналасуы.

№3 Тақырып . Жол белгілері және оның сипаттамалары.

Таңбаның жалпы жол қозғалысы ережелеріндегі ұйымдастыру маңызы, жіктелуі. Көлденең таңба. Атқаратын қызметі. Көлденең таңбаның талаптарына сай жүргізушілердің іс-әрекеті.

Тік таңбалар. Атқаратын қызметі. Тік таңбаның әрқайсысының түсі мен қолдану шарты. Кешенді есептер шығару. Оқытудың техникалық құралдары, макеттер, стендтер қолдану арқылы жол-көлік оқиғасын талқылау. Жол белгілері және жол таңбаларын басқару іскерлігін қалыптастыру. Жол қозғалысының нақты жағдайларында жүргізушілердің іс-әрекеттерімен танысу.

N4 Тақырып. Көлік құралдарының қозғалысы, аялдауы мен тұрақтауы.

Ескерту сигналдары. Сигналдар түрлері. Атқаратын қызметі. Сигналдарды жарық нұсқауларымен және қолмен көрсету ережелері. Дыбыс сигналдарын қолданатын жағдайлар. Басып озуда ескерту сигналдарын беру тәртібі. Күндіз жақындату фарын пайдалану. ЖКО және оның алдын-алу. Ескерту сигналдарын, дұрыс бермеудің зардаптары.

Қозғалыс басы, қозғалыс бағытының өзгеруі. Жол қиылысында бұрылу тәртібі және жол қиылысында айналуы. Тежеуішпен жұмыс жасау. Айналуға тыйым салынатын жерлер. Кері қозғалыс тәртібі.

